

Халықтың қорғаны бол, Конституция!

ЗАН

газеті

zangazet@mail.ru

№ 48 (3875)

30 маусым 2026

7 10497 1 94351 2

QR CODE

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АТА ЗАҢ – АЗАТ ЕЛДІҢ АР-НАМЫСЫ



1 шілдеден бастап жаңа Конституциямыз қолданысқа енеді. Бұл – Қазақстан тарихындағы айтулы оқиға. Себебі, осы күннен Қазақстанның құқықтық шежіресінің жаңа парағы ашылып, жаңа кезеңі басталады.

(Жалғасы 2-бетте)

АЛАҢ ЖҮРТ

Бас ауырып, балтыр сыздағанда іздейтін ақ халатты абзал жандар Елорданың тап іргесіндегі Ақмола облысы да аса үлкен күрделі жағдайды бастан көшіп тұр. Әсіресе, өңір медицинасындағы есеп пен шынайы өмір арасындағы алшақтық аса қатты ұлғайып барады. Мұны күнделікті өмірде ауруханада кезек күтіп сарғайған халықтың елеуметтік желілерде желдей есіп жиі шағымданып жатқанынан-ақ анық аңғаруға болады.

МИЛЛИОНДАР БӨЛІНСЕ ДЕ, АҚМОЛАДА ДӘРІГЕР НЕГЕ ТҰРАҚТАМАЙДЫ?

Ақмола облысының денсаулық сақтау саласына қатысты ресми баяндамаларды парактасаңыз, жүйенің бірқалыпты дамып келе жатқанын байқау қиын емес. Кадр тапшылығы азайып келеді, «Ауылдарға дәрігер тарту» бағдарламасы жүзеге асып жатыр, әлеуметтік қолдау көлемі де артып келеді. Қағаз жүзіндегі көрініске назар аударсақ бәрі «сақадай-сай». Бірақ сол қағаздың ар жағындағы тірі өмірдің жағдайы өкінішке орай көңіл құлазытарлық деңгейде. Ал ол өмір ресми есептермен әрдайым сәйкес келе бермейтіні шынайы жағдайда анық байқалады. Бұл алшақтық Ақмола облыстық Қоғамдық кеңестің соңғы отырысында тағы да айқын сезілді.

Келгені бар, бірақ қалғаны қайда?

Кеңес отырысында медицина саласына жауапты басқарма өкілдері өңірге жүздеген жас дәрігердің келгенін, кадр тапшылығының біртіндеп азайып жатқанын мәлімдеді. Ресми дерек



те солай жазылыпты. Хош. Деректерге жүгінсек соңғы бірнеше жыл ішінде ғана Ақмоланың ауылды жерлерінде жаңа мамандар тарту бағдарламасы

аясында ондаған дәрігер жұмысқа орналасқан.

(Жалғасы 3-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Сәкен АБСАМАТОВ, *Түркістан облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы:*

«НЕКЕНІ БҰЗБАС БҰРЫН ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІНЕ ЖҮГІНУДІ МІНДЕТТЕУ КЕРЕК»

– Балалардың жеке бас қауіпсіздігі қай кезде де маңызды. Онымен отбасы мүшелері, мұғалімдер мен арнайы орган қызметкерлері айналысады. Ал бұдан сот саласы қандай үлес қосуда?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғау, әрбір баланың білім алуы, дамуы мен әл-ауқаты үшін толыққанды жағдай жасау қағидаттарын дәйекті түрде ұстанып келеді. Президенттің бастамасымен іргелі реформалар мен заңдар қабылданып, жүзеге асырылуда. Айталық, биылғы жылдың басында Үкімет қаулысымен 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы бекітілді. Онда балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мемлекеттік саясаттың ең маңызды басымдықтарының бірі екені атап көрсетілген.

Республиканың судьялар корпусы аталған тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттерін толық қолдайды. Осы тұрғыда, күнделікті жұмыс барысында анықталатын кейбір мәселелерге тоқталғым келеді. Қазіргі заманда ата-ана болуға жауапкершілікпен қарауды ерте жастан қалыптастыру қажеттілігі жиі көтерілуде. Болашақ әкелер мен аналарды ата-ана болу жауапкершілігіне мектеп қабырғасынан

бастап дайындау керек деген пікір барған сайын өзекті бола түсуде.

Түркістан облысында адамдар дәстүрлі өмір салтын ұстанып, үлкендерді құрметтейді, бұл өскелең ұрпақты тәрбиелеуді жеңілдетеді. Алайда, педагогтар мен өмірлік тәжірибесі мол ақсақалдардың айтуынша, кей жағдайда ата-аналардың өз тарапынан тәрбие беруі жеткіліксіз болып жатады. Өйткені, бәрі отбасынан басталады: алғашқы сөзден, алғашқы кітаптан, алғашқы өнегеден. Бала бойына өзін және өзгені құрметтеуді, білім мен әділеттілікті сүюді сіңіре алсақ қана мықты, адал, ойлы ұрпақ тәрбиелей аламыз деген үміттеміз. Бүгінгі таңда қорқыныш пен агрессияға емес, сүйіспеншілікке, түсіністікке және жауапкершілікке негізделген әлем құратын ұрпақ тәрбиелеу басты мақсат саналуда.

– Яғни, саналы ұрпақ тәрбиелеп, саналы адами капитал қалыптастыру маңызды дейсіз ғой.

– Иә, ол өте маңызды. Өйткені, қоғамымыз әлеуметтік, мәдени, экономикалық және саяси сипаттағы көптеген сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Оларды еңсеруде адами капиталдың сапасы шешуші рөл атқарады. Ал, адами капиталдың негізін балалық және жастық шақта қалыптасатын тұлғалық қасиеттер құрайтынын ұмытпаған жөн.

(Жалғасы 5-бетте)

3-БЕТ



Ипотекалық бағдарламалар арқылы баспаналы болғандар көп

6-БЕТ



«Қымызмұрындық» – дәстүрді ұлықтаған ұлы думан

8-БЕТ



Жақсы жандардың шарапаты немесе сот жүйесіндегі 20 жыл

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АТА ЗАҢ –
АЗАТ ЕЛДІҢ АР-НАМЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Конституция байырғы казак дала-сындағы ортақ тәртіпті реттеген Қа-сым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, әз Тәукенің Жеті Жарғы-сы секілді дала заңдарының лайықты жалғасы. Құжат сондай-ақ құқықтық кайнарлардан тамыр алып, ел тұғы-рын биіктетуге отыз жыл бойы қызмет еткен алғашқы Конституциямыздың заман талабына сай жетілдірілген, жаңғыртылған нұсқасы. Оған Ата Заң-ның әр бабына үніліп, әр өзгерісіне жігі мән берген отандастарымыздың көзі жетері анық.

Конституция – кез келген мемлекет-тің басты бағдары, негізгі төлқұжаты. Жаңа басымдықтарды белгілеп, жаңа құндылықтарды айқындаған Конститу-циямыз шын мәнінде нағыз халықтық, елдік құжат. Олай деуіміздің бірнеше себебі бар.

Біріншіден, Конституция – биліктің емес, халықтың тілегін, қалауын біл-діруімен бағалы. Өйткені Ата Заңымыз бойынша Қазақстандағы егемендіктің иесі де, биліктің бірден-бір бастауы да – халық.

Екіншіден, Конституция – ха-лықтың ұсыныс-пікірінің түпкі нәти-жесі. Дәл осы Конституция сияқты ашық алаңда кең көлемде талқыланған, сарапқа салынған құжат аз. Бұл да ха-лық пікірінің ескерусіз қалмайтынын, заң халық мүддесін қорғау үшін дай-ындалғанын айқындайтын бірден-бір фактор. Бүгінгідей тарихи сәтте Мем-лекет үшін ең басты капитал – бюд-жет те емес, ресурс та емес. Ең басты капитал – халықтың сенімі екенін де осы Конституция баршамызға ұқтыр-ды. Сенімнің өзегі – ашық талқылау. Ал жаңа Конституция жобасына қа-тысты азаматтардан 10 мыңнан астам ұсыныс пен пікірдің түсуі халықтың құқықтық сауатының өскенін және заңдық өзгерістерге бей-жай қарамай-тынын дәлелдесе керек. Осының өзі Конституциялық талқылаудың билік пен халық арасын жалғаған, ашық диа-логты нығайтқан тетік екеніне көзімізді жеткізіп отыр.

Конституцияны «халықтық заң» де-уіміздің үшінші себебі – мұнда әрбір бап адамның және азаматтың құқықта-ры мен бостандықтарының бұзылмауы-на, олардың заң алдындағы тепе-теңді-гін қамтамасыз етуге бағытталған. Халық – қай кезде де басты сыншы. Жан-жақты ойластырылып, халықтың терең сүзгісінен өткен реформалардың елеусіз қалмайтыны түсінікті. Содан болса керек, жаңа Ата Заңды дайын-дау барысында азаматтардың құқығын қорғаудағы әлемдік механизмдер мей-лінше ескерілген.

Конституция Қазақстан тарихын-да тұңғыш рет қазақ тілінде жа-зылуымен ерекшеленіп отыр. Яғни, Ата Заңымызды жаңғыртуға қадам жасалған кезден бастап мемлекеттік тілдің мүддесі басты орынға қойыл-ды. Сәйкесінше енді заңды қолда-нуда қандай да бір талас туындаған



Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ,
Қарағанды облысының
прокуроры

кезде азаматтар әуелі қазақ тіліндегі нұсқаға назар аудармақ. Осы арқылы қазақ тілін заң тіліне айналдыруға, құжаттарды қазақша сөйлетуге негіз қаланып отырғаны қуантады.

Бұдан бөлек Конституцияның маз-мұндық сипаты да айрықша. Мұндағы жаңа преамбуланың өзі біздің тари-хи тамырымызды құндылық ретінде

ланысты жаңа Конституцияда алғаш рет азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғау нормасы көрініс тапқан. Соның ішінде жеке деректерді қорғауды адам құқықтарын қорғаудың жаңа деңгейі ретінде қарастырылуы дұрыс шешім.

Заң үстемдігін нығайтудың кепілі саналатын Конституцияда сондай-ақ адвокатура мен адвокаттық қызметке арналған арнайы бап қарастырылған-ны да өркениет өлшеміне сай. Бұған қоса, дін мен мемлекеттің нақты ажы-ратылып, неке – ер мен әйелдің ерікті әрі тең құқықты одағы екені Конститу-ция деңгейінде реттелген. Бұл шешім дәстүрлі құндылықтарды ең жоғары құқықтық деңгейде қорғауға жол аша-ды.

І шілдеден бастап еліміздің сая-си-мемлекеттік жүйесі жаңа модельге сай жұмыс істейді. Қос палаталы Парла-менттің орнына бірпалаталы Құрылтай өз жұмысына кірісіп, Вице-Президент, Қазақстан Халық Кеңесі институттары тәжірибеге енгізіледі. Бұл институт-тардың әрқайсысының құқықтық мем-лекеттің заңдық қағидаттарын қамту-дағы маңызы ерек. Сонымен қатар көптеген лауазымды тұлғалардың қыз-метіне қатысты бірреттік мерзім бел-гіленіп, азаматтар құқығын қорғаудың әлемдік формуласы саналатын – Ми-ранда ережесі қолданысқа қосылмақ.

Ең бастысы, Ата Заңда төл тарихымызбен бірге Әділет-тілік пен тұрақтылық, идеясы, Заң мен Тәртіп қағидағы және ел іргесін бекітетін, ел тұтастығын нығайтатын факторлар толық қамтылған. Құжаттың маңызы мен құн-дылығы да осында.

айқындап, қоғамда «Конституция – құндылықтар коды» деген ұғымды ор-нықтырды. «Тамыры терең тал желден қорықпайды, тарихы кемел ел жерден тарықпайды» дейді дана халқымыз. Тар-их пен тамырымызға мән беруіміздің түпкі себебі де осында.

Жаңа Конституцияның тағы бір ерекшелігі – адам құқықтарына ба-сымдық берілуінде. Адам құқықтары мен бостандықтары жаңа преамбу-лада ғана емес, бүкіл Конституция-ның негізгі өзегі ретінде өрілген. Ал бірлік пен келісім, этносаралық және конфессияаралық татулық Қазақстан мемлекеттілігінің іргетасы ретінде айқындалды.

Соңғы жылдары қоғамдық сана-ның ажырамас бөлігі ретінде қарасты-рылған Әділеттілік, Заң мен Тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау сияқты қағи-даттар да алғаш рет Конституция дең-гейінде бекітіліп отырғанын айта кет-кен жөн.

Мұндағы келесі маңызды басым-дықтың бірі – цифрландырумен өзек-тес. Бүгінгі заманның талабына бай-

Сөзімізге тұздық болған бұл жаңа-шылдықтар Конституциядағы іргелі өзгерістердің бір парасы ғана. Ата Заңға айрықша пәрмен берген басым-дықтардың барлығы ауқымдылығы, те-рендiгi, жаңашылдығы, қарқындылығы жағынан елдегі соны үдерістерге не-гіз қалары даусыз. Соған сәйкес мұны Қазақстан тарихындағы жаңа өрлеу кезені деп атасақ шындықтан алыстай қоймаймыз.

Ең бастысы, Ата Занда төл тарихы-мызбен бірге Әділеттілік пен тұрақ-тылық идеясы, Заң мен Тәртіп қағи-даты және ел іргесін бекітетін, ел тұтастығын нығайтатын факторлар то-лық қамтылған. Құжаттың маңызы мен құндылығы да осында.

Десек те, Конституцияның өз би-гінен түспей, өз алаңында салтанат құрып, ел игілігіне ұзақ уақыт сапа-лы қызмет етуі сіз бен бізге байланыс-ты. Халқы заңын сыйлайтын, тәртіпке бағынатын, бір-біріне құрметпен қар-айтын елде ғана Конституция тұғыр-лы, ғұмырлы болатынын ұмытпаған дұрыс.

МІНБЕР

Биыл республика судьяларының басын біріктіріп, бір ұйымға ұйыстырған Қазақстан Республикасы Судья-лар одағының құрылғанына 30 жыл толып отыр. 1996 жылы ел судьяларының I съезінде көпшілік қолдауымен одақтың жарғысы қабылданып, алғашқы төрағасы мен орталық кеңестің мүшелері іріктелген болатын. Міне, содан бергі отыз жыл ішінде Судьялар одағы сот жүйесін жандандыру, судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігін нығайту жолында кешенді жұмыстарды жүзеге асырып келеді.

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНЫҢ
БЕДЕЛІ БИІК

Судьялар одағы сот жүйесіне қатысты заңнамаларды дайындау мен жетілдіру ісінің бел ортасында жүрді. Одақ мүшелерінің араласуымен сот ісін жүргізуді жеңілдетуге, сот жүкте-месін оңтайландыруға, судьялардың сот төрелігін іске асыру сапасы үшін дербес жауапкершілігін арттыруға бағытталған заң жобалары көпшілік талқысына салынып, сапалық тұрғы-дан жаңғыртылды.

Судьялар одағы тек республика шеңберіндегі іс-шаралармен шек-теліп қалмай, басқа елдердің судья-лар қоғамдастықтарымен және ха-лықаралық ұйымдармен байланысты нығайтты. Осындай әріптестік бай-ланысты жолға қоюдың нәтижесінде еліміздің судьялары жыл сайын алыс, жақын шетелдердегі сот органдарына барып, тәжірибесін шындап, білімі мен біліктілігін көтеруге мүмкіндік алып отыр.

Судьялар одағы заңдарды түсін-діру, сот жұмысының қыр-сырынан жұртшылықты хабардар ету, судья-лар қызметінің қиындығы мен жауап-тылығы туралы кең көлемді мағлұмат беріп, насихат жұмыстарын жүргізуде де белсенділік танытып келеді. Әсіре-се, одақ қоғамда құқықтық мәдениет-ті арттыруға, соттардың ақпараттық ашықтығына жіті көңіл бөледі. Осы мақсатта одақ БАҚ-пен өзара іс-қи-мылдың нысандарын жан-жақты пай-даланып, газет-журнал, ақпараттық порталдар мен теле-радио журнали-стерімен тығыз байланыста жұмыс істеуде.

Одақтың, әсіресе ардагер судья-ларға деген қамқорлығы мен қолдауы жоғары. Отставкадағы судья аға-а-паларға одақтың әр аймақтағы фи-лиалдары ерекше көңіл бөліп, пікір-лерін ескеруге, еңбегін бағалауға ден қояды. Сонымен бірге ардагерлердің еңбегін бағалап, марапаттау басты



орында тұр. Бұл аға буын мен кей-інгі буын арасындағы тәлімгерлік мектепті нығайтуға, ұрпақтар сабақ-тастығын жалғауға мүмкіндік беретін іргелі істер.

Судьялар қауымдастығы үшін салауатты өмір салтын қолдау және насихаттау дәстүрге айналды. Су-дьялар одағы өткізетін спорт түрлері бойынша спартакиадалар тұрақты әрі кеңінен танымал болды. Жыл сайын өткізілетін спартакиадалар судья-лардың қызметтен бөлек өз денсау-лығына көңіл бөліп, салауатты өмір салтын ұстануына жол ашып келеді. Сонымен бірге бұл спорттық дода-лар судьялар арасындағы командалық рух қалыптастырып қоймай, еліміздің әр өңірінен жиналған судьялардың танысып, төрелік алаңынан тыс жер-де пікір алмасуына, тәжірибесін шындауына көмектесуімен құнды бо-лып отыр.

Міне, осындай ауқымды жобалар мен бастамалардың басында тұрған Судьялар одағының алдағы жұмысы да сәтті болсын! Судьялардың қорға-нына, қолдаушысына айналған ұйым жақсы істердің жаршысы бола берсін!

М.МАМУТОВА,
Талдықорған әкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі
сотының судьясы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

БАҒДАР

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМҒА
БАСТАР ЖОЛ

Конституциялық жаңарулар әділетті қоғамға бастар жол. Қоғам дамуының ең басты тірегі – Конституция. Ол тек құқықтық нормалардың жинтығы ғана емес, мемле-кет пен азамат арасындағы өзара қатынасты айқындай-тын, әділеттілік пен теңдіктің берік негізін қалыптастыратын басты құжат болып табылады.



Динара ЗИНЕШОВА,
Азаматтық істер жөніндегі
кассациялық соттың
бас маманы-сот отырысының
хатшысы

Қазіргі кезеңде елімізде консти-туциялық құқықтық жүйені жетіл-діруге бағытталған бірқатар жаңа-шылдықтар жүзеге асырылуда. Бұл өзгерістердің негізгі мақсаты – құқық үстемдігін қамтамасыз ету, азамат-тардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын күшейту, сон-

дай-ақ мемлекеттік басқару жүйе-сінің тиімділігін арттыру. Аталған жаңашылдықтар аясында азаматтар-дың құқықтарын қорғау тетіктері жетілдіріліп, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен жауапкер-шілігі артуда. Бұл өз кезегінде қоғам мен билік арасындағы өзара сенімді нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қат-тар, құқық қолдану тәжірибесінде заң алдындағы теңдік қағидатын нақты жүзеге асыруға еркеше мән берілуде. Азаматтардың өз құқықтарын қорғау мүмкіндіктері кеңейіп, сот төрелі-гінің әділдігіне деген сенім арта тү-суде.

Конституциялық реформалар – бұл тек құқықтық өзгерістер жиын-тығы емес, бұл – мемлекет пен қоғам дамуының сапалы жаңа кезеңге өтуінің көрінісі. Мұндай бастама-лар құқықтық мемлекеттің қағида-тарын нығайтып, азаматтық қоғам институттарының дамуына жол аша-ды. Егер конституциялық жаңару-лар белгіленген заңнамалық тәртіпке сәйкес қабылданып, тиісті мерзімде заңдық күшіне енгізілетін болса, олар мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіріп, қоғамдағы әділеттілік деңгейін арттыруға елеулі үлес ко-сары сөзсіз.

ҚЫЗМЕТ

ҚҰРМЕТ МЕРЕЙДІ ӨСІРЕДІ

Биыл төртінші рет Судья және сот қызмет-кері күні атап өтілді. Бұл мерекенің сот саласы үшін мәні де, маңызы да зор. Атап айтқанда, 30 жыл бұрын дәл осы күні «Қазақ КСР-нің сот жүйесі» туралы заңға алғаш рет түзетулер енгізілген болатын. Жылдар өте сот реформасында көптеген өзгерістер, жаңашылдықтар жасалды

Сот-құқық жүйесін дамыту сабақтастық және кезеңділік негізінде жүзеге асырылады. Оны дамытудың негізгі арқауы соттар мен судьяларды мамандандыру болып табылады. Бұл ретте ел Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы №620 Жарлығымен мамандандырылған тергеу соттары құрыл-ды. Тергеу соты қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында тұлғаның және азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығын қамтамасыз етуге

бағытталған қызметтерді атқарады. Тергеу судьясы ҚПК-нің 55-бабында көзделген мәселелерді қарайды.

Атырау қаласының мамандандырылған тергеу сотын-да 2 судья мен 6 маман жұмыс атқаруда. Олардың бөрінің тәжірибесі мен біліктілігі жоғары. Әрқайсысы өз қызметін берген антына сай, адал атқаруда. Соттағы қызметтерімен бірге отбасы жұмыстарын да бірге алып келе жатқан Қар-лығаш Еламанова, Айгүл Сидағалиева үздік қызметкер ғана емес, отбасының алтын қазығы, аяулы аналар.

Тергеу сотының атынан барлық судьялар мен сот саласы-ның мамандарын «Судья және сот қызметкері» мерекесімен құттықтаймын. Әрқайсыңызға мықты денсаулық, шаңы-рақтарыңызға құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін.

Ақтолқын ТАМПИЕВА,
Атырау қаласы мамандандырылған
тергеу соты әкімшісінің басшысы



АЛАҢ ЖҰРТ

МИЛЛИОНДАР БӨЛІНСЕ ДЕ, АҚМОЛАДА ДӘРІГЕР НЕГЕ ТҰРАҚТАМАЙДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда қоғамдық кеңес мүшелері бұл көрсеткіштің екінші жағын сұрады. Медицина ғылымдарының кандидаты Серік Көкеновтің сөзі осы тұста мәселенің өзегін ашып түйткілдің әбден шегіне жеткенін бір-ақ ауыз сөзбен шегелеп берді:

— Бізге «Қанша дәрігер келді?» деген есепті ғана көрсетеді. Бірақ «солардың қаншасы қалды?» деген сұраққа нақты жауап жоқ. Егер келген маман бір-екі жылдан кейін кетіп қалса, бұл жетістік пе, әлде айналмалы статистика ма? — дейді ол.

Бұл сұрақтың залда ауыр үнсіздік туғызғаны байқалды. Өйткені шын мәнінде бұл тек Ақмолаға ғана емес, бүкіл елге ортақ сұраққа айналғаны мәлім.

Жиында жас дәрігерлердің ауылда тұрақтамау мәселесі де көтерілді. Қоғамдық кеңес мүшелерінің айтуынша, мемлекет ауылға барған мамандарға 8,5 миллион теңгеге дейін көтермеақы төлеп отыр. Бірақ бұл қолдау кадрды ұстап тұруға әрдайым жеткілікті болмай отыр.

Осы тұста кеңес төрағасы Серік Көкенов мәселені ашық айтты:

— Қағазда бәрі бар. Бірақ ауылға барған дәрігердің күнделікті тіршілігіне қарасақ, жағдай мүлде басқаша көрініс тапқан. Бірі тұрғын үй таппайды, бірі баласын балабақшаға орналастыра алмайды. Мұндайда адам ұзақ тұрақтамайды ғой, — деді Серік Қабдөшұлы.

Ал аудандық деңгейде жұмыс істейтін кейбір дәрігерлердің сөзінше, мәсе-



ле тек әлеуметтік жағдаймен шектелмейді.

— Бізге келгенде бәрі жақсы көрінді. Бірақ кезекшілік, жүктеме, кадр тапшылығы, қосымша міндеттер көп. Бір адамның орнына екі-үш адамның жұмысын атқаратын жайттар жиі болады. Біраз уақыт шыдайсың, бірақ бәрінің шегі бар, — дейді әлеуметтік желілерде ой бөліскен жас дәрігердің бірі.

Жүйе бар, үйлесім жоқ

Қоғамдық кеңесте тағы бір өткір мәселе — медициналық төлемдердің уақытылы берілмеуі болды. Қоғамдық

кеңес мүшелері облыстық ауруханада әлеуметтік қолдауға қатысты 21 медицина қызметкерінің төлемі кешіктірілгенін алға тартты. Бұл дерекке жауап берген құзырлы орган өкілдері мәселенің техникалық себептермен байланысты екенін айтып, реттеліп жатқанын түсіндірмек болды. Алайда кеңес мүшелері мұндай түсіндірмеге қанағаттанбады.

— Егер мемлекет өзі уәде еткен қолдауды уақытында бере алмаса, онда жас маманның сенімі қалай қалыптасды? — деген пікір жиында бірнеше рет қайталанды.

Ақмола облысында жалпы медициналық ұйымдар саны жеткілікті болғанымен, маман тапшылығы әлі де өткір сезіледі. Әсіресе тар бейінді

дәрігерлерге сұраныс аса жоғары.

Ресми деректерде кадр тапшылығы біртіндеп азайып келе жатқаны айтылғанымен, ауыл тұрғындарының пікірлері бұл көріністі керісінше толықтыра түседі. Көкшетау маңындағы ауылдардың бір тұрғыны жағдайды былай сипаттайды:

— Бізде амбулатория бар. Ғимарат бар. Бірақ кейде дәрігер аптасына екі-ақ күн келеді. Қалған күндері қалаға баруға тура келеді. Жедел көмек керек болса, уақыт жоғалтамыз, — дейді ол.

Өкінішке орай бұл пікір бір ғана ауылға тән емес екені әлеуметтік желілерде желдей ескен халықтың наразылығынан-ақ анық аңғарылады. Кеңесте де осыған ұқсас уәждер тағы бір мәрте айтылды. Мамандардың айтуына қарағанда медицина инфрақұрылым болғанымен, бірақ оны толыққанды жүргізетін кадр тұрақтылығы әлсіз.

Қолайлы орта жасаумен мәселе шешілмейді

Жиын барысында тағы бір маңызды ой айтылды. Қоғамдық кеңес мүшелерінің айтуынша мәселені тек қаржымен шешу мүмкін емес. Мәселен, облыстық мәслихат депутаты Берген Беспалинов тұрғын үй-коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылымның әлсіздігін тілге тиек етті.

— Біз көбіне қаржыны көбейтсек, мәселе шешіледі деп ойлаймыз. Бірақ

ауылға барған маман тек жалақы емес, өмір сүру ортасын да бағалайды. Егер орта болмаса, ақша ұзақ ұстап тұрмайды, — дейді Берген Маратұлы.

Бұл пікірді денсаулық сақтау саласының ардагерлері де қолдады.

— Бұрын дәрігер ауылда жылдар бойы қалатын. Қазір жағдай өзгерді. Жас маманға тек жұмыс емес, өмір сапасы керек, — дейді тәжірибелі дәрігерлердің бірі.

Қағаздағы көрсеткіш нақты өмір емес

Қоғамдық кеңесте көтерілген мәселелердің барлығы бір түйінге келіп тірелді. Жиынға арнайы жазылған ресми есеп пен шындық арасындағы алшақтық тым ұлғайып кеткен. Бір жағында — ресми статистика бәрі ойдағыдай іске асырылып жатқанын цифрлармен әйгілеп, дәрігерлер саны артып, қаржы бөлінуде деп, бағдарламалар іске асып жатқанын көрсетсе, екінші жағында — тұрғындардың күнделікті жағдайы түйткілдің түйіні тарқатылмағанын керісінше шиеленісіп бара жатқанын айғақтайды. Яғни, кадр жетіспейді, кезек ұзақ, кей ауылдарда маман аптасына бірнеше күн ғана келеді. Осы қайшылықты кеңес мүшелері былай түйіндеді:

— Бізде жүйе бар сияқты. Бірақ сол жүйе толық жұмыс істемей тұрғандай әсер қалдырады, — дейді Ақмола облыстық Қоғамдық кеңестің төрағасы Қабулалы Құлышев.

Ақмола медицинасындағы бүгінгі ахуал бір ғана мәселемен өлшенбейді. Бұл — кадр саясаты, әлеуметтік инфрақұрылым, басқару тиімділігі және сенім мәселесінің тоғысқан жері. Миллиондаған қаржы бөлініп жатыр. Тиісті бағдарламалар қабылданып, есептер жасалуда. Бірақ шалғайда жатқан ауылдар бәрібір дәрігерге зар. Бұл мәселенің шешімі қандай?

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР АРҚЫЛЫ БАСПАНАЛЫ БОЛҒАНДАР КӨП

2020 жылдан бері ипотекалық бағдарламалар арқылы 700 мыңнан астам отбасы баспаналы болды. Қазақстанда меншікті және мемлекеттік ипотекалық бағдарламаларды ұсынатын 10-ға жуық банк бар. Алайда тұрғын үй нарығындағы несиелердің 85 пайыздан астамы мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен «Отбасы банкінің» өнімдеріне тиесілі.

Тұрғын үй нарығына көз жүгіртер болсақ жаңа пәтерлерді сатып алуға немесе құрылыс салушылардың (BI Group, Bazis-A т.б.) серіктестік жеңілдік бағдарламалары бойынша 8 банк несие береді. Қолданыста болған (еркін нарықтағы) пәтерлерді сатып алу үшін ипотеканы 6 банк белсенді түрде рәсімдейді. Ал мемлекет субсидиялайтын «7-20-25» бағдарламасына (мөлшерлемесі 7%) өтінімдерді қабылдауға 7 банк қатысады.

«Наурыз» және «Отау» бағдарламалары (7-9%) тек «Отбасы банк» арқылы ғана жүзеге асырылады.

2020 жылдан бері ипотекалық бағдарламалар арқылы 700 мыңнан астам отбасы баспаналы болды. Егер әр жылға жеке-жеке тоқталатын болсақ 2020 жылы — 85 мың, 2021 жылы — 155 мың, 2022 жылы — 114 мың, 2023 жылы — 115 мың, 2024 жылы — 120 мың, 2025 жылы — 145 мың пәтер алынған. Биыл алғашқы жартыжылдықта оның саны 40-45 мың аралығында болады деп болжанауда. Бұған нарықтың баяулауы мен жылжымайтын мүлік бағасының қымбаттауы және маусым айынан бастап зейнетақы жинағын алу шегінің тағы да өсуі ипотекаға өтінім берушілер санын 20 пайызға азайтуы түрткі болуда.

Нарықтың басты сипаты: бірінші мемлекеттік үстемдік. Рәсімделіп жатқан ипотекалық несиелердің 85 пайыздан астамы «Отбасы банктің» жеңілдікті бағдарламаларына («Наурыз», «Отау») және «7-20-25» жобасына тиесілі. Екінші, коммерциялық ипотеканың қымбаттығы. Екінші деңгейлі банктердің өз бағдарламалары бойынша мөлшерлеме өте жоғары (ЖТСМ 22-25%). Сондықтан халық нарықтық ипотеканы өте сирек алады. Үшінші, қарыз сомасының өсуі. Тұрғын үй бағасының өсуіне байланысты қазақстандықтар алатын ипотеканың орташа сомасы 12,1 миллион теңгеден асты. Еліміздегі жалпы белсенді ипотекалық қарыз портфелі 6,9 триллион теңгеге жетті.

Ипотекалық бағдарламалар арқылы баспана алуда Астана мен Алматының үлесі басым

2020 жылдан бері ипотекалық бағдарламалар арқылы баспана алғандардың абсолютті көпшілігі Астана, Алматы, Шымкент қалаларына тиесілі. Олардың үлесіне елдегі барлық ипотекалық не-

сиелердің 45-50 пайызы тиеді. Ұлттық банк пен «Отбасы банк» статистикасы бойынша ипотека ең көп рәсімделген өңірлердің рейтингінде Астана қаласының үлесі — 23-25%. Алматы қаласының үлесі — 18-20%, Шымкент қаласы және Түркістан облысының үлесі — 8-10%, Қарағанды және Ақтөбе облыстарының үлестері 5-6 пайыздан. Ал ипотека ең аз рәсімделген өңірлер: Солтүстік Қазақстан, Ұлытау және Абай облыстары болып отыр.

Егер ауылдық жерлердегі ипотека арқылы баспана алу көрсеткішіне қарайтын болсақ мұнда Түркістан, Алматы, Жамбыл, Қызылорда облыстары көш бастап тұр. Ауылдық жердегі ипотека нарығы негізінен мемлекеттік «Дипломмен ауылға» жобасы және «Отбасы банктің» өңірлік бағдарламалары есебінен жүзеге асырылады.

Осы арада ауылдық несиелендірудің өңірлер арасындағы үлесі мен негізгі статистикасына қарап тоқтала кеткен жөн шығар Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс өңірлерде — 55-60%. Себебі халық тығыз орналасқан және ауыл халқының үлесі жоғары аймақтарда ипотекамен үй алу көрсеткіші өте жоғары. Көшбасшы саналатын Түркістан облысы ел бойынша ауылдық жерде ипотека ең көп рәсімделген аймақ. Мұнда ауылдық мектептер мен ауруханалардың көптігіне байланысты «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша үй алған мамандардың (әсіресе мұғалімдер мен дәрігерлердің) саны ең жоғары көрсеткішке ие. Жамбыл және Қызылорда облыстарында ауылдық тұрғын үйлерді (көбіне жеке жер үйлерді) сатып алуға сұраныс жоғары. Несие сомасының орташа көлемі ел бойынша төменірек болғанымен, олар келісімшарттар саны бойынша ТОП-5 қатарына кіреді.

Алматы және Жетісу облыстары — 20 пайыз. Мәселен, Алматы мегаполисінің айналасындағы Еңбекшіқазақ, Қарасай аудандарындағы ауылдық аймақтарда ипотека алу өте белсенді. Халық ірі қалаға жақын ауылдардан баспана алуға тырысады, сондықтан мұндағы ауылдық үйлердің бағасы мен ипотека портфелінің көлемі басқа өңірлермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Батыс, Солтүстік және Шығыс өңірлерде — 20-25%. Бұл



аймақтарда урбанизация деңгейі жоғары немесе халық санының аздығынан ауылдық ипотека көрсеткіші төменірек. Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында аудан орталықтарындағы тұрғын үйлерді несиелеу деңгейі тұрақты. Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстарында кадр тапшылығын жою үшін ауылдық ипотека берілгенімен, жалпы демографиялық миграцияға (қалаға көшу үрдісіне) байланысты несие алушылар саны онтүстік өңірлерден 2-3 есе аз.

Нарық ауқатты қарыз алушылар мен неғұрлым ірі ипотекалық несиелер төңірегінде шоғырлануда. Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының шолуына қарағанда, елдің ипотека нарығы 2026 жылдың бірінші тоқсанында оң динамиканы сақтап қалды, алайда оның құрылымы өзгеруін жалғастыруда. Несие берудің өсуі мен ипотекалық портфельдің кеңеюі (+1,8%) нарықтық сегменттің бәсеңдеуі аясында және нарықтың мемлекеттік қолдау тетіктері төңірегінде барған сайын шоғырлануы есебінен орын алуда. Іс жүзінде жеңілдетілген бағдарламалар бүгінде жаңадан берілген несиелердің негізгі көлемін қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар қатаң ақша-несие шарттары мен бөлшек несиелеуді реттеудің күшеюі жағдайында нарықтың бұдан да елеулі салқындауын тежейтін басты фактор ретінде көрініс табуда. Сонымен бірге, нарық барған сайын ауқатты қарыз алушылар мен неғұрлым ірі ипотекалық несиелер төңірегінде шоғырлануда. Көлемі 20 млн теңгеден асатын несиелердің үлесі

бір жыл бұрынғы 30 пайыздық көрсеткіштен 37 пайызға дейін өсті. Ал 10 млн теңгеге дейінгі қарыздардың үлесі 22 пайыздан 17 пайызға дейін қысқарды. Бұл үрдіс жылжымайтын мүлік бағасының жоғарылығы аясында қомақты бастапқы жарна құюға және несиелік міндеттемелерді дер

кезінде өтеуге қауқарлы, төлем қабілеті жоғары тұтынушылардың үлесі нарықта кезек-кезеңімен артып келе жатқанын айғақтайды.

Маусым айынан бастап күшіне енген зейнет-ақы жинақтарының жеткіліктілік шегінің көтерілуі нарықты салқындатушы факторға айналуы мүмкін. Егер бұған дейін БЖЗҚ-дан қаражат алу жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділікті қолдаудың негізгі көздерінің бірі болса, ендігі жаңа талаптар бұл тетікті пайдалануға қауқарлы азаматтардың қатарын айтарлықтай сиретеді. Нәтижесінде нарық соңғы жылдары бастапқы және қайталама баспана нарығындағы белсенділікті ұстап тұрған қосымша сұраныс пен өтімділіктің төмендеуі үрдісіне тап болуы ықтимал. Осындай жағдайда нарықтың алдағы өсу әлеуеті мемлекеттік қолдаудың ауқымы мен оны қаржыландыру мүмкіндіктеріне барған сайын көбірек тәуелді болып отыр. Бұған қоса, ипотекалық несиелеуді макропруденциалдық реттеу бағытында жоспарланған өзгерістер нарыққа қосымша қысым түсіруі мүмкін. Аталған шаралардың жиынтық әсері нарықтық ипотеканы бұдан сайын шектеп, сұраныстың жеңілдікті бағдарламалар төңірегінде шоғырлануын күшейте түседі. Осылайша, ипотека нарығы үшін несие берудің ағымдағы көлемін сақтау емес, нарықтық ипотеканың рөлін қайта қалпына келтіру негізгі мәселеге айнала бастады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу мен қарау «Е-Өтініш» сервисі платформасындағы «Электрондық өтініштер» ақпараттық-талдау жүйесінде жүзеге асырылады. Бұл жүйе өтініштерді қараудың ашықтығын, бақылауын және сапасын арттыру, сондай-ақ келіп түскен деректерді талдау және белгіленген мерзімдерді сақтау мақсатында енгізілген.

ЦИФРЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ КӨКЖИЕКТЕРІ

«Е-Өтініш» сервисі азаматтар мен мемлекеттің өзара әрекеттестігінің тиімді құралы. Ол мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына және мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен жұмыс істейтін заңды тұлғаларға өтініштер жіберу, ресми жауаптар алу және тиісті құрылымдардың жұмысын бағалау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Электрондық формат өтінішті қарау тарихын толық сақтауға мүмкіндік береді, бұл шешімдер қабылдаудың жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді.

Өтінішті онлайн режимде «Е-Өтініш» сервисі немесе Egov.kz порталы арқылы беруге болады. Сонымен қатар, әкімшілік органға жеке өтініш беру мүмкіндігі сақталады.

Өтінішті қабылдау фактісі тіркеу күні мен уақыты туралы мәліметтерді, сондай-ақ өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның деректерін қамтитын талон берумен расталады. Жүйенің функционалдық мүмкіндіктері өтініш берушіге өтінішті қарау кезеңдерін бақылауға және хабарламалар алуға мүмкіндік береді, бұл мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығы мен сенімділігін арттырады.

Айта кету керек, қолданыстағы заңнамада әкімшілік органдардың өтінішті қабылдаудан бас тартуына тікелей тыйым салынған. Бұл норма азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініш беру құқықтарын жүзеге асырудың маңызды кепілі.

Соңғы жылдары Көкшетау қалалық сотына келіп түскен өтініштер санының тұрақты өсу динамикасы байқалады. Көрсеткіштердің артуы халықтың



А.ДҮЙСЕКОВ,
Көкшетау қалалық
Соты әкімшісінің басшысы

құқықтық белсенділігінің және сот жүйесіне деген сенімнің өсуін көрсетеді.

Мәселен, 2021 жылы сот 8 өтінішті қараған болса, 2022 жылы – 40, 2023 жылы – 86, 2024 жылы – 165 өтініш қарады. 2025 жылы айтарлықтай өсім тіркелді – 357 өтініш, бұл 2021–2024 жылдардағы көрсеткіштердің жиынтығынан асып түседі. Бұл статистика өтініш беру механизмінің азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді әдісі ретінде сұранысқа ие екенін және сотқа түсетін жүктеменің артқанын айқын көрсетеді.

Осылайша, «Е-Өтініш» жүйесінің жұмысы мен соттың белсенді қызметі өтініштерді қараудың ашықтығын, қолжетімділігін және тиімділігін қамтамасыз етіп, қоғамның мемлекеттік институттарға, жалпы сот жүйесіне деген сенімін нығайтады.

БАСҚОСУ

ЖАПОНИЯДА АЗИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙЫ ӨТТІ

Жапония қазақтары қауымдастығының бастамасымен Токио қаласында Азия қазақтарының құрылтайы өтті.



«Отандастар қоры» мен Қазақстанның Жапониядағы Елшілігінің қолдауымен ұйымдастырылған бұл шараға Малайзия, Корея, Моңғолия және Жапониядан 200-ге жуық отандастарымыз қатысты. Азия қазақтары құрылтайының негізгі мақсаты – Азия елдерінде өмір сүріп жатқан этникалық қазақтар мен отандастар арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту, аймақтағы қазақ мәдени ұйымдарының институционалдық әлеуетін арттыру, олардың қызметін жүйелеу және шетелде ұлттық құндылықтарымыз бен төл мәдениетімізді ілгерілету. Сондықтан оған құрамына ҚР Парламентінің депутаттары, танымал этнограф-ғалымдар мен отандық кәсіпкерлер кірген арнайы делегация барды.

Құрылтайдың ашылу салтанатында Қазақстанның Жапониядағы Төтенше және Өкілетті елшісі Ерлан Кеңесұлы Баударбек-Қожатаев Елшіліктің атқарған жұмыстарымен таныстырып, Мемлекет басшысының 2025 жылғы Жапонияға жасаған тарихи ресми сапары кезінде қазақстандықтардың көрсеткен ерекше ауызбіршілігі мен ұйымшылдығын атап өтті. Ал «Отандастар қорының» президенті Данияр Қадыров: «Бұл маңызды кездесу – шетелдегі отандастарымыз үшін ауадай қажет дүние. Олардың ана тілін, ділін, мәдениетін сақтап қалуына қолдау көрсету – біздің басты міндетіміз. Біз бұл бағыттағы жүйелі жұмыстарды алдағы уақытта да міндетті түрде жалғастыратын боламыз», – деді. Ал ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бибігүл өз құттықтауында: «Қазақстанның ішінде аталы сөз айтылып, елдік мәселелер шешілетін Ұлттық құрылтай болса, шетелдегі қандастарымыздың басын қосатын мәдени бағыттағы құрылтайлардың да маңызы ерекше. Бүгінгі басқосу аясында Азия қазақтарының кеңесінің құрылуы – ортақ мақсаттарға жұмылудың жарқын үлгісі», – деп аймақтағы жаңа институционалдық бірлікті жоғары бағалады. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұрғұл Тау шетелдегі отандастарымыздың интеллектуалдық және кәсіби жетістіктеріне тоқталып, олардың жинақтаған халықаралық тәжірибесі мен әлеуетінің Қазақстанның дамуына тигізер пайдасы мол екенін жеткізді.

Токио құрылтайының ең басты тарихи және практикалық нәтижесі – жиынға қатысушы Малайзия, Корея, Жапония және Моңғолиядағы қазақ қауымдастықтары басшыларының «Азия қазақтарының кеңесін» құру туралы тарихи меморандумға қол қоюы болды. Бұл құжат аймақтағы қазақ ұйымдарының күш-жігерін біріктіріп, ортақ жобаларды іске асыруға жол ашады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ТӨРТІНШІ БІЛІК

ЖУРНАЛИСТЕРДІ ҚОЛДАУ АРТТЫ

Ақпараттың қоғамдағы рөлі күшейген сайын журналист мамандығына қойылатын талап та өзгерді. Бір кездері журналистің басты міндеті оқиғаны көпшілікке жеткізу болса, бүгінде оған ақпараттың шынайылығын тексеру, жалған ақпаратпен күресу, қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал ету және цифрлық ортада жылдам жұмыс істеу міндеті жүктеліп отыр. Сондықтан Қазақстанда соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдары саласын реформалау бағытында бірқатар маңызды өзгерістер жүзеге асырылды.

Соңғы жылдары Қазақстанда медиа саласын жаңғырту бағытында бірнеше маңызды заң қабылданды. 2023 жылы «Онлайн платформалар және онлайн жарнама туралы» заң күшіне енді. Құжат интернет платформалар мен онлайн жарнаманы реттеудің құқықтық негізін қалыптастырды. Медиа саласындағы ең елеулі жаңалықтардың бірі 2024 жылы күшіне енген «Масс-медиа туралы» заң болды. Бұған дейін журналистердің қызметі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңмен реттеліп келсе, жаңа құжат цифрлық медианың даму ерекшеліктерін ескере отырып әзірленді. Занда журналистің кәсіби қызметіне кедергі келтіруге жол бермеу, мемлекеттік органдардың ақпарат беру тәртібін жетілдіру, интернет-басылымдардың құқықтық мәртебесін нақтылау және аккредиттеу рәсімдерін жаңарту көзделген. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың журналистік сауалдарға жауап беру мерзімі жеті күннен бес жұмыс күніне дейін қысқартылды. Бұл ақпаратқа қолжетімділікті арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі саналады.

Журналист мәртебесін көтеру тек заңнамалық өзгерістермен шектелмейді. Соңғы жылдары медиа кеңістіктің өзі түбегейлі өзгерді. Қазіргі таңда жаңалықтың негізгі бөлігі газет немесе телеарна арқылы емес, интернет-платформалар мен әлеуметтік желілер арқылы таралады. Осыған байланысты журналистер де жаңа форматқа бейімделуге мәжбүр болды. Бүгінде тілші мәтін жазып қана қоймай, бейнерепортаж түсіреді, монтаж жасайды, әлеуметтік желіге контент әзірлейді, тікелей эфир жүргізеді және жасанды интеллект құралдарын пайдаланады. Яғни, қазіргі журналист әмбебап маманға айналды.

Қазақстандағы медиа кеңістігі де жылдан-жылға кеңейіп келеді.



Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2026 жылғы деректеріне сәйкес, елімізде 5303 бұқаралық ақпарат құралы ресми тіркелген. Оның ішінде 3181 мерзімді басылым, 253 телеарна, 97 радиостанция және 1457 ақпараттық агенттік пен желілік басылым жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш цифрлық медианың қарқынды дамып келе жатқанын және ақпарат тарату алаңының айтарлықтай кеңейгенін көрсетеді. Интернет-басылымдар мен ақпараттық агенттіктер санының артуы халықтың жаңалықты дәстүрлі ақпарат көздерінен гөрі онлайн платформалар арқылы көбірек тұтынатынын аңғартады.

Мемлекет журналистерді қалай қолдап жатыр? Соңғы жылдары журналистерді әлеуметтік қолдау бағытында да бірқатар шара қабылданды. Президент тапсырмасымен үшінші жыл қатарынан БАҚ қызметкерлеріне тұрғын үй беру бағдарламасы жүзеге асырылып келеді.

Бағдарлама аясында:
2023 жылы – 65 маман;
2024 жылы – 68 маман;
2025 жылы – 66 медиа қызметкері баспанамен қамтамасыз етілді.

Пәтерлер тек журналистерге ғана емес, операторлар, режиссерлер, ин-

женерлік-техникалық қызметкерлер сияқты медиа саласының өзге де мамандарына беріліп келеді. Сонымен қатар кәсіби мереке қарсаңында журналистерге Президенттің алғыстары, гранттар мен мемлекеттік марапаттар табысталады. Журналистердің кәсіби дамуына арналған «Үркер» ұлттық сыйлығы, телевизия саласындағы «Тұмар» ұлттық сыйлығы, Astana Media Week және Орталық Азия меди-

афорумы сияқты ірі алаңдар тұрақты өткізіліп келеді.

Алайда санның өсуі сапаның артқанын білдірмейді. Ақпарат ағыны көбейген сайын жалған ақпарат тарату қаупі де күшейеді. Сондықтан бүгінгі журналистің негізгі міндеті жаңалықты бірінші болып жариялау емес, оның шынайылығын мұқият тексеру болып отыр. Фактчекинг, бірнеше дереккөзбен жұмыс істеу, кәсіби этиканы сақтау және қоғам алдындағы жауапкершілік қазіргі журналистиканың басты талаптарына айналды. Бүгінде жасанды интеллекттің дамуы да медиа саласына жаңа талаптар қойып отыр. Әлемдік редакциялар мәтіндерді өңдеу, аудару, мұрағатпен жұмыс істеу және деректерді талдау барысында жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана бастады. Қазақстандық редакциялар да бұл үрдістен шет қалып отырған жоқ. Дегенмен, сарапшылар жасанды интеллект журналисті толық алмастыра алмайтынын айтады. Себебі, қоғамдық маңызы бар мәселелерді талдау, ақпарат көздерімен жұмыс істеу, оқиға орнынан репортаж жасау және этикалық шешім қабылдау адам еңбегін қажет етеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстандағы чипси мен тұзды снәктер нарығының жылдық айналымы 180 млн доллардан асады. Ол 2020 жылдан бері жыл сайын орта есеппен 10-12 пайызға ұлғайып келе жатыр. Әлемдік нарықтың жылдық өсімі 4-5 пайыз төңірегінде екенін ескерсек, бұл үлкен көрсеткіш.

ИМПОРТТЫҚ ЧИПСИ ЕНДІ ӨЗ ЕЛІМІЗДЕ ӨНДІРІЛМЕК

Қазір ішкі нарықтың 75-80 пайызын Ресейлік импорт қамтамасыз етуде. Мәселен, биыл қаңтар айында Ресейден экспортталған 22 млн доллардың чипси өнімдерінің 8,5 млн-ы Белорусқа, 7 млн-ы Қазақстанға, 2,5 млн-ы Өзбекстанға, 1,4 млн-ы Әзербайжанға, 762 мыңы Қырғызстанға жіберілген. Яғни, Ресей экспорттыңдағы Қазақстанның үлесі 32 пайызды құрайды.

«Media Marketing Index–2022» жобасының мәліметтері бойынша, Қазақстандағы ең танымал брендтердің үштігіне Lay's, Fan, Чипсон еніп отыр. Республикадағы тұрғындардың саны 100 мыңнан асатын қалалардағы жасы 15 жастан асатындардың 40,7 пайызы чипси тұтынады. Олардың 10,7 пайызы күн сайын немесе аптасына бірнеше рет, 60 пайызға жуығы айына 2-3 рет немесе аптасына бір рет тұтынуды әдетке айналдырған. Бұған жарнаманың әсері мол.

Алматы облысы Райымбек ауданындағы Дулат Құлмамұров жетекшілік жасайтын «Алтын дән-1» ауыл шаруашылығы өндірісі кооперативі PepsiCo компаниясымен чипси өндіруге арналған картоп өсіруге уағдаласқан шаруа қожалықтарының бірі болып саналады. 2022 жылы негізгі қаланған кооператив аудандағы 8

шаруа қожалығының басын қосқан.

«Сарыбастау ауылдық округіндегі Қарой жазығы Кеңес дәуірінен бері суармалы емес жер болып келген болатын. Мемлекеттік қолдау арқылы жаңбырлатып суғару жүйесіне беріліп жатқан 80 пайыз субсидиялық бағдарлама негізінде жаңбырлатып суғару жүйесін алып келіп, 500 гектарды суармалы жерге айналдырдық. PepsiCo компаниясы жергілікті шаруа қожалықтарымен жұмыс бастаған кезде біз оларға өзіміздің нәтижемізді көрсеткеннен кейін 2026 жылы 250 гектарға келісімшарт жасасып, олардың чипси өндірісіне арналған арнайы картоп тұқымдарын алдық. Нарынқол өңірі тұқымдық бағытқа өте қолайлы болғаннан кейін біз тұқым шаруашылығы статусын алғаннан кейін Қазақстанға тұқым шығару жұмыстарын бастап жатырмыз. Гектарына 27-30 тонна өнім аламыз деп жоспарлап отырмыз. Яғни, 6-7 мың тонна өнім. Олардың агрономдары апта сайын осында келіп, жұмыстарды тексеріп отырады. Қыркүйек айының аяғында өнім жинауды бастаймыз. Ол PepsiCo тарапынан 2027 жылдың басында сатылымға шығарылатын шығар», – дейді кооператив басшысы Дулат Қабылжанұлы.

Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты-

ның басқарма төрағасы Теміржан Айтбаевтың айтуынша, Қазақстанда қазір картоптың 140 сорты аудандастырылған. Оның 60-сы немесе 40 пайыздайы отандық сорттар. Бұл институт Алматы облысына арнап отандық сорттарды сұрыптап, былтыр Райымбек ауданындағы «Тәуекел» шаруа қожалығында картоптың 4 сортын зерттеп, енгізген. Бұл қожалық былтыр картоптың элиталық тұқым шаруашылығы статусын алды. Енді ол ауданның шаруа қожалықтарына картоп сорттары тұқымын ұсынатын болады. Оның айтуынша, дәмді тіл үйіретін Нарынқол картобының даңқы қайта жаңғыратын болса Қазақстан картопты тек шикізат ретінде емес, оны өңдеп дайын өнім шығару арқылы млн-даған доллар табыс табуға мүмкіндігі бар. Мәселен, Еуразиялық экономикалық комиссия мен CAPS Unlock аналитикалық орталығының аймақтық тауар айналымы есептеріне сәйкес Орталық Азиядағы чипси нарығының көлемі 400 млн долларды құрайды. Оның 53,2 пайызы – Қазақстанның; 28,5 пайыз – Өзбекстанның үлесіне тиеді. Ал 18,3 пайызы Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан елдеріне тиеді. Алматы және Павлодар облыстарындағы шағын цехтар 2020–2023 орта есеппен жылына 2,5-3,5 мың тонна аралығында ғана өнім өндірісе, 2024 жылы ішкі өндіріс көлемі 18,5 пайызға дейін өскен болатын. Алдағы жылдан бастап Алматы облысындағы Орталық Азиядағы ең ірі өндіріс орны тек ішкі нарықты ғана қамтамасыз етіп қоймай, көршілес елдердің нарығына шыға бастауы мүмкін.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мектеп пен жоғары оқу орны тек білім беріп қана қоймай, терең ойлай білетін, жауапкершілігі жоғары, тиімді қарым-қатынас орната алатын, өзгелерге қамқорлық көрсете алатын тұлғаны қалыптастыруы тиіс. Сондықтан, білім беру үдерісіне отбасылық өмірге дайындыққа, бала тәрбиесіне, психологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған арнайы пәндерді енгізу маңызды.

Тұлғаның қалыптасуында кітап оқудың рөлі ерекше. Соған орай, оқудың практикалық дағдыларын дамыту қажет. Себебі, әдебиет арқылы бала басқа көзқараспен, мәдениетпен танысады. Ол жанашырлық танытуға, ойлануға, пікір таластыруға, талдау жасауға үйретеді. Әдебиет – жай ғана көңіл көтеру құралы емес, тәрбиенің қуатты тетігі. Десек те, оқырман мәдениетін дамыту маңызды стратегиялық міндеттің бірі деуімізге әбден болады. Әсіресе, сандық технологиялар дәуірінде, визуалды контент саналы оқуды ығыстырып жатқан кезде бұл жайттың маңызы арта түспек.

түсіністік таныта білуі аса маңызды.

– *Отбасындағы ахуалға, оның ішінде ұрпақ, бала тәрбиесіне сот жүйесі қалай және қаншалықты нәтижелі араласа алады?*

– Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Түркістан облыстық сотының басшылығы мен еліміздің бүкіл судьялар қауымдастығының отбасылық дағдарыстардың алдын алу және оларды болдырмау бағытындағы жұмысты жетілдіруге ерекше көңіл бөліп отырғанын атап өткен жөн. Бұған сот жүйесінде бүгінгі күнге дейін жүргізіліп келе жатқан реформалар дәлел бола алады.

Қабылданып жатқан шаралардың жарқын мысалдарының бірі – Президент Жарлығымен кәме-



Сәкен АБСАМАТОВ, Түркістан облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы:

«НЕКЕНІ БҰЗБАС БҰРЫН ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІНЕ ЖҮГІНУДІ МІНДЕТТЕУ КЕРЕК»

Екінші жағынан, тәрбиенің басты институты – отбасы. Дәл осы ортада бала алағаш рет дүниені танып, сенім артуға, қарым-қатынас жасауға үйренеді. Отбасы бала өзін қауіпсіз сезінетін, сүйіспеншілік пен түсіністік табатын орын болуы тиіс. Алайда, өкінішке қарай, әрдайым олай бола бермейді. Сондықтан, ата-ананың тек қасында болуы ғана емес, олардың балаға деген қамқорлығының сапасы, эмоциялық жетілуі, сезімтал әрі

летке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың құрылуы. Бұл соттар балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды, отбасының сақталуына ықпал етеді, жанжалдар мен олардың балаға тигізетін күй салдарының алдын алады. Осы тұрғыда Түркістан облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында, Қазақстан бойынша бірегей тәжірибе ретінде, некені бұзу

туралы азаматтық іс аясында мүлкіті бөлу, ортақ балалардың тұрғылықты жерін анықтау, бөлек тұратын ата-ананың балалармен қарым-қатынас жасау тәртібін белгілеу және алимент өндіру мәселелері қатар қаралады. Мұндай тәсіл артық әуре-сарсаңнан арылып, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Алайда, бұл жағдайдың да кері әсері бар. Атап айтқанда, тараптардың кейбірі некені бұзу туралы шешім қабылдағаннан кейін ойланып, қайта

са, осы мәселені қарамай-ақ қойған дұрыс сияқты. Сонымен қатар, кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы мүлкіті бөлу дауларының соттылығы дұрыс айқындалмаған деген пікір де айтылуда. Мұндай дауларды жалпы юрисдикциядағы соттар қарауы тиіс деген көзқарас бар, себебі кез келген мүлкіт даудың артында өзге де туыстық қатынастары бар адамдар тұрады.

– *Өкінішке қарай, қазіргі*

таңда отбасындағы дауға, неке бұзуға қатысты істер өте көп. Бұл ювеналдық соттардың жүктемесін жоғарылатып отырған жоқ па?

– Орынды мәселені көтеріп отырсыз. Жүктеме өте жоғары. Судьялардың кәсіби қызметіндегі жоғары стресс пен эмоциялық күйзеліс жүктемесі кейде, тіпті, өз отбасына да кері әсер ететін жайттар кездеседі. Бұған отбасымен бірге өткізетін уақыттың азаюын, эмоциялық шаршаудың, ашушандықтың салдарынан қарым-қатынаста салқынқандылықтың, отбасылық мәселелерге назардың төмендеуінің, жақын туыстармен сыйластықтың әлсіреуі пайда болатынын қосыңыз. Ұзақ уақыт бойы жиналған күйзеліс ерлі-зайыптылар арасындағы түсініспеушіліктердің көбеюіне, судьяның кәсіби қызметі және отбасылық өмірінің тепе-теңдігінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін. Бұл жайт судьяның өз қызметін сапалы атқаруына да кері әсерін тигізеді.

Осы мәселелерді ескере келе ювеналдық соттардағы судьялардың жүктемесін азайту қажет. Мұны шешу аса қиын емес. Егер Азаматтық процестік кодекстің талаптарына сәйкес некені бұзу, әкелікті анықтау, алимент өндіру туралы талап-арыздар талапкердің немесе жауапкердің тұрғылықты жері бойынша берілсе, бұл оң нәтиже берер еді. Айта кету керек, мұндай тәжірибе еліміздің кейбір өңірлерінде қазірдің өзінде қолданылуда. Түптеп келгенде, мәселені судьялар штатының санын көбейту арқылы да шешуге болады.

Сонымен қатар, некені бұзу туралы талап-арыз берілгенге дейін отбасылық психологтардың кеңесіне жүгіну керектігін міндеттеген орынды болар еді. Біздің пікірімізше, егер отбасы мүшелеріне өздерін тыңдатып, аталмыш сала мамандарының көмегімен бір-бірін түсінуге мүмкіндік берілсе, көптеген жанжал дәл осы кезеңде шешімін табары талассыз.

– *Қым-қуыт жұмыстың арасынан уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рақмет!*

Сұхбаттасқан
Шадияр МЕКЕНБАЙҰЛЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



ПАЙЫМ

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК: СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕПІЛДІКТЕР

Ата Заңымызда заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең екендігі бекітілген. Ешкімді жынысына, ұлтына, тіліне, дініне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкіткі жағдайына байланысты кемсітуге жол берілмейді. Аталған конституциялық қағидаттар сот төрелігін жүзеге асыру барысында толық көлемде сақталуға тиіс. Бұл қағидаттар азаматтардың сотқа жүгіну құқығын қамтамасыз етіп қоймай, олардың заңды мүддесінің әділ қорғалуына да кепілдік береді.

Қазақстанда отбасы және неке қатынастары, еңбек құқықтары, ана мен баланы әлеуметтік қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, кәсіпкерлікпен айналысу және мемлекеттік қызметке тең қолжетімділік мәселелері ұлттық заңнамамен реттеліп, сот арқылы қорғалады. Еліміз әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысанын жою туралы конвенцияны (CEDAW) ратификациялаған мемлекет ретінде халықаралық міндеттемелерді орындауға ерекше назар аударады.

Сот билігі гендерлік теңдік қағидатын іске асыруда маңызды рөл атқарады. Соттар дауларды қарау кезінде заң талаптарын басшылыққа алып, әділ әрі бейтарап шешім қабылдайды. Бұл азаматтардың сотқа деген сенімін арттырып, қоғамдағы әділеттілік қағидатын нығайтуға ықпал етеді. Соттардың тәуелсіздігі мен объективтілігі әрбір азаматтың құқығының тиімді қорғалуына негіз болады.

Соңғы жылдары Қазақстанда отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендердің құқығын қорғау мәселесіне ерекше назар аударылуда. Мемлекет тарапынан осы бағыттағы заңнаманы жетілдіру бойынша

жүйелі шаралар қабылдануда. Соттар қорғау нұсқамаларын беру, әкімшілік және қылмыстық істерді қарау арқылы жебірленушілердің құқығы мен заңды мүддесін қорғауға бағытталған маңызды функцияны атқаратыны сөзсіз.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандар мүддесін қорғау, алимент өндіру, балаға қамқоршылық белгілеу және ортақ мүлкіті бөлуге қатысты дауларды қарау барысында соттар отбасы институтын нығайтуға және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге үлес қосады. Мұндай санаттағы істерді қарау кезінде соттар ең алдымен баланың мүддесін, отбасы мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін басшылыққа алады.

Қазақстанда мамандандырылған соттардың, соның ішінде кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі соттардың қызметі азаматтардың, оның ішінде әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерінің біріне айналды. Бұл соттар отбасылық қатынастарға байланысты дауларды қарау кезінде медиация рәсімдерін қолдануға, тараптарды татуластыруға және әлеуметтік әділеттілікті сақтауға баса назар аударады.

Сот жүйесін цифрландыру да әйелдер құқығын қорғауға қосымша мүмкіндік берді.

«Сот кабинеті» сервисі арқылы азаматтар талап-арыздың электрондық форматта жолдап, сот актілерімен қашықтан таныса алады. Бұл әсіресе жас баласы бар аналарға, шалғай елді мекендерде тұратын азаматтарға және уақыт мүмкіндігі шектеулі адамдарға сот төрелігіне қолжетімділікті арттыруға ықпал етуде.

Қазақстан сот жүйесінде әйел судьялардың үлесі жылдан-жылға артып келеді. Бұл гендерлік теңдіктің нақты көрінісі болып табылады және әйелдердің құқықтық саладағы кәсіби әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді. Әйел судьялар сот төрелігін жүзеге асыруға белсенді қатысып, заң үстемдігін қамтамасыз етуге және құқықтық мемлекетті дамытуға елеулі үлес қосып келеді. Бүгінде әйелдер сот жүйесінің барлық буындарында, соның ішінде жоғары сот сатыларында да табысты еңбек етуде.

Әйелдердің құқықтық мәдениетін арттыру және олардың құқықтық сауаттылығын дамыту да гендерлік теңдікті қамтамасыз етудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Азаматтардың өз құқықтарын білуі және оларды қорғау тетіктерін тиімді пайдалана алуы құқықтық мемлекеттің дамуына оң әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, соттардың түсіндіру жұмыстары, сот практикасының ашықтығы және құқықтық ақпараттың қолжетімділігі ерекше маңызға ие.

Зульфия НӨБИЯҚЫЗЫ,
Ақтөбе қаласы мамандандырылған тергеу сотының Сот әкімшісінің басшысы



ПӘРМЕН

Қоғамдағы ең өзекті, жедел арада шешілуі тиіс мәселенің бірі алимент өндіру екені белгілі. Алименттің кімдерге берілетіні, оның мөлшері мен берешекті өндірудің тәртібі заңнамалық тұрғыдан толық дәйектелген. Заңда көрсетілгендей отбасы мүшесі материалдық көмекке мұқтаж кәмелетке толмаған балаға, еңбекке жарамсыз жұбайына немесе ата-анасына алимент төлеуге міндетті. Бүгінде ер жетіп, еңбек етіп жүрген балаларынан, жағдайы бар жұбайынан алимент өндіруді сұраған қарт адамдар да, аналар да аз емес.

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРАТЫНДАР ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Алайда алиментке байланысты берешектің басым бөлігін кәмелетке толмаған балаларға төленетін қарыз құрайды. 2025 жылы Қазақстанда жеке сот орындаушылар өндірісінде 354 мыңнан астам алимент өндіріп алу құжаты түскен болатын. Оның шамамен 60 мыңы орындалған. Ал 2026 жылдың басында алимент өндіруге қатысты құжаттар саны 295 000 болды. Статистика көрсетіп отырғандай алимент қарызын өндіру аз қиындық туғызбайды. Мұндағы екі негізгі факторды атап өткен жөн. Оның біріншісі – борышкердің ресми жұмыс істемей, тұрақты табысының жоқтығымен байланысты болса, екіншісі – мекенжай мен табысты әдейі жасырып көрсетумен өзектес.

Жеке сот орындаушылар қарызды өндіру үшін заңдық тұрғыда бекітілген мәжбүрлеу шараларын қолданып, борышкерден берешекті қайтаруға күш салады. Себебі, алимент – ана мен балаға айтарлықтай көмек. Күнде да-

мып, күнделікті қажеттіліктері өсіп отыратын балаларды алименттен қағудың зардабы ауыр. Борышкер алиментті төлемеу арқылы өз баласының дамуына, керек-жарағын алуына, білімін жетілдіріп, қабілетін шыңдауына қолдан кедергі келтіретінін ұмытпауы керек.

Берешекті өндіру үшін біз тек мәжбүрлеу шарасын қолданып қоймай, борышкерлерге түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, тұрақты жұмыс табуына көмектесеміз. Әсіресе жергілікті әкімдік пен жеке кәсіпкерлер бірігіп ұйымдастыратын бос орындар жәрмеңкесінің көмегі көп. Ұдайы өткізіліп келе жатқан осындай жәрмеңкелер арқасында жыл сайын бірқатар борышкер жұмыс тауып, алиментін уақытымен төлеуге қол жеткізіп отырып, алименттің орындар тарапынан көрсетілетін қолдаудан бас тартып, алимент төлемеу үшін түрлі құйтырқылыққа баратын борышкерлерге алдымен ескерту жасалып, кейіннен банк



Айгүл БЕКТЕНБАЕВА,
Алматы облысының жеке сот орындаушысы

тық қасақана жалтарғандарға Қылмыстық кодекстің 139-бабы бойынша іс қозғалып, екі жылға дейін бас бостандығынан шектелуі немесе бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Міне, осының бәрі алимент төлеу мәдениетін қалыптастырып қоймай, берешекті өз еркімен қайтару дағдысын үйретуді, жауаптылықты сезіндіруді мақсат етеді.

АЙМАҚ

Алматы облысы Кеген ауданындағы әйгілі Қарқара жайлауындағы «Қымызмұрындықты» асыға күтетін халықтың саны жыл сайын ұлғайып келе жатыр. Оны қатысушылар санынан да байқауға болады. Мәселен, былтыр аудан мен облыстан ғана емес, еліміздің бірқатар өңірінен 10 мыңға жуық адам жиналған еді. Биыл қатысушылар саны 35 мыңға дейін жетіп отыр.



— Биыл өтіп жатқан «Қымызмұрындық» мерекесінің мазмұны ерекше. Ол қазақтың көреген абызы Әлмерек Жаншықұлының 368 жылдығымен сабақтасып отыр. Осыған орай қасиетті Қарқара төрінде ас беріліп, республикалық ұлттық спорт жарыстары ұйымдастырылуда. Бұл бастама Мемлекет басшысы айқындаған ұлттық бірегейлікті нығайту, тарихи мұраны дәріптеу және салт-дәстүрді жаңғырту бағытындағы жұмыстардың нақты көрінісі деп білеміз. Бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде «Қымызмұрындық» мерекесінің қайта жаңғырып жатқаны қуантады. Мұндай іс-шараларға туристердің қызығушылығы артып келеді. Хан Тәңірінің көрікті етегі, Қарқараның тамашасы мен Мыңжылқының сұлу келбеті кімді де болса тамсандырмай қоймайтыны анық. Қымызмұрындық сияқты тағылымы мол мерекелер халқымыздың рухын асқақтатып, елдік сананы нығайтып, Қазақстанның мәдени келбетін әлемге таныта береді деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ыстық сәлемін жеткізген ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев.

Жайлау тойы ретінде атап өтілетін бұл мерекенің тамыры терең болғанымен, оның дәстүрлі түрде жыл сайын ұйымдастырылуы ұзақ жылдар бойы облыс пен аудан әкемдерінің іскерлігіне тәуелді болып қалған еді. Сондықтан игі дәстүрді қайта жаңғыртуды тек мәдени, қоғамдық іс-шара деуге болмайды. Оның белгілі бір деңгейде саяси және экономикалық маңызы бар. Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевтің айтуынша, біріншіден, «Қымызмұрындық» өңірде бесінші жыл қатарынан ұйымдастырылып келеді. Халықтың қолдауымен орныққан игі бастамалардың ғұмыры қашанда ұзақ болады. Кеген ауданының ғана емес, тұтас Алматы облысының рухани-мәдени келбетін айшықтайтын, өңірдің туристік тартымдылығына оң әсер ететін «Қымызмұрындық» фестивалі биыл республикалық маңызы бар мәдени іс-шаралар күнтізбесіне енді. Екіншіден, биылғы «Қымызмұрындық» қазақтың көреген абызы, осы өңірдің ардақты перзенті Әлмерек Жаншықұлының 368 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Осыған

орай абыз баба рухына Құран бағышталып, ас берілуде. Сондай-ақ ұрпақтары мен ел азаматтарының қолдауымен ұлттық спорт түрлерінен республикалық жарыстар ұйымдастырылуда. Қарқара — қазақ тарихындағы қастерлі мекендердің бірі. Осындай қасиетті өлкеде «Қымызмұрындықтың» дәстүрге айналуы да заңдылық.

Қарқара көтерілісіне — 110 жыл

Қарқара — Қазақ тарихында тек Қарқара жәрмеңкесімен ғана емес, биыл 110 жыл толып отырған «Қарқара көтерілісімен» де әйгілі мекен. Ол туралы академик Кеңес Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» деген еңбегінде: Қарқара көтерілісі — 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісінің Жетісу облысындағы орталығы. Кейбір мұрағат құжаттарында «Албан көтеріліс», халық жадында «Албан — Бұғы» көтерілісі деп аталады. Қарқара — Жетісу облысының Жаркент уезіне қарайтын жайлау және халықаралық жәрмеңке орталығы болатын. 16 болыстан тұратын албан тайпасының ата қонысы еді. Оның 13 болысы Жаркент уезіне, қалған үшеуі Верный уезіне қарады. 1916 жылы 6 шілде күні 13 болыс өкілдері Ақбейіт жайлауында жиналып, патша жарлығын орындамауға баталасты. Архив деректері бойынша Қарқара көтерілісі кезінде Жетісудағы қазақ пен қырғыздардың жүзге жуық елді мекені жазалаушылардың шабуылына ұшырап, 373 үй өртенген. 1905 адам оққа ұшқан, 684 адам жараланып, 1105 кісі тұтқындалып, кейіннен іс-түссіз жоғалған» деп жазған. Сондай-ақ бұл құнды деректер кейін «Қазақ көтерілістері» энциклопедиясына да енген болатын. Сол себепті Қарқарадағы «Қымызмұрындықты» тек — жайлау тойы, этнофестивалі деп



«ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ» —
ДӘСТҮРДІ ҰЛЫҚТАҒАН
ҰЛЫ ДУМАН

қана қабылдауға болмайды. Бұл өткеннен сабақ алып, болашаққа жоспар құратын оқиға. Сондықтан оның тек аймақтық ғана емес, республикалық және халықаралық деңгейдегі маңызы мен рөлі әрдайым ескерілуі тиіс.

Қарқара —
ұлттық бренд

Қарқара жайлауындағы халықаралық жәрмеңкені жаңғырту заман талабы. «Қымызмұрындық» мерекесі — оның алғашқы қадамы. Әзірге бір күндік шара болып отырған бұл тойдың болашақта бірнеше күнге созылатын коммерциялық жобаға айналуы мүмкін. Өйткені таулы өңірде орналасқан Кеген ауданында 37 мыңға, іргелес Райымбек ауданында 47 мыңға жуық жылқы бар екен. Осыған қарамастан қос ауданда жылына орта есеппен 40-50 тонна ғана қымыз өндіріледі. Облыста көшбасшы саналатын бұл өңірде әлі күнге дейін бие сүтін өңдейтін бірде-бір өндіріс орны жоқ. Сол себепті мұнда бір биеден өндірілетін сүттің көлемі 700 литр көлемінде ғана. Ал жылқының сүтті тұқымдарына көңіл бөліп жатқан республиканың өзге өңірлері мен шет мемлекеттерде оның көлемі 2100 литрге дейін жетеді. Яғни, өнімділік 3 есе төмен. Соның нәтижесінде 300 мыңға жуық жылқысы бар облыс жылына 200 тоннаға жуық қымыз өндіріп, өзінің қолайлы географиялық орналасу жағдайына қарамастан, республикада алғашқы бестіктен көріне алмай келе жатыр. Облыстағы 300 мыңға жуық жылқының 70-80 мыңы бие. Оның 15-20 пайызы ғана ресми тіркелген ірі тауарлы-сүт фермалары мен заңды шаруа қожалықтарында бағылса, қалғаны жеке тұрғындардың ауласында не жайылымда ұсталады. Сол себепті «Қымызмұрындық» этнофестиваль түрінде өңірге туристерді тартудың бір жолы ретінде ғана қалып қоймай, сауда-саттық орны мен ғұлыми-өндірістік бағытта да дамитын болса оның жергілікті халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға қосатын үлесі орасан зор болмақ. Өйткені халық туристерге тек қымыз бен өзге де сүт өнімдерін сатумен шектелетін болса, оның пайдасы аз. Ал табиғат аясында немесе туристік бағыттар бойынша атпен серуендеу, жылқы терапиясы, саумал мен қымызбен емделу, бие сүтінен құрғақ ұнтақ дайындау, бие сүті қосылған құнарлы тамақ өнімдерін, медициналық және косметикалық бұйымдар шығару өндірісін қатар дамытатын болса оның экономикалық әсері мыңдаған теңгемен емес, миллиардтармен саналары анық. Өйткені Қарқара деген жер атауы тек Алматы облысында ғана емес, Қарағанды облысында және Қырғызстан мен Моңғолия елдерінде де кездеседі. Егер Алматы облысы «Қарқара қымызын» брендке айналдырып, оны өндірістік жолға қолатын болса оны өңірлік деңгейден, мемлекеттік, тіпті халықаралық ауқымда танымал етіп, әлемдік нарықтан Қазақстанның өз орнын алуына ықпал етуге мүмкіндігі бар.

«Бұл шара тек той тойлау емес — ұлттық құндылықтарды дәріптеу, мәдениетті көтеру, туризм мен спортты



дамыту мақсатында өтіп жатыр. Оның нәтижесін өздеріңіз де көріп, байқап отырған шығарсыздар. Бұрын алыстағы Африка құрлығынан спортшылар Қарқараға арнайы келіп, «Қымызмұрындыққа» қатысып, халықтық ойындарда бақ сынаиды деп ешкім ойлаған жоқ болатын. Міне көріп отырсыздар олардың өкілдері өнерімен көпшіліктің қошеметіне бөленіп жатыр. Бұл тек Кеген ауданының ғана емес, күллі Қазақстанның абыройын өсіретін жағдай. Әрине, біздің істегенімізден, алдымызда істемеген ісіміз өте көп. Халықтың жағдайын жақсарту үшін бірінші кезекте инфрақұрылымдарға күш салдық. Енді біртіндеп, шикізатты өңдеу ісіне де көңіл бөліп жатырмыз», — деген Нұрбақыт Теңізбаевтың Кеген ауданына басшы болып келгеніне биыл 3 жылдан асты. Оның басшылығымен өткен «Қымызмұрындық» жылдан жылға қанатын кеңге жайып, қатысушылар саны еселене түсуде.

Нарықта қымыз
бен шұбатқа сұраныс
жоғары

Әлемдік бие сүті нарығы қазір географиялық тұрғыдан екі үлкен аймаққа бөлінеді. Біріншісі, бие сүтін ұлттық сусын ретінде дәстүрлі тұтынатын Орталық және Шығыс Азия халықтары. Екіншісі, бие сүтін косметика мен медициналық мақсатта қолданатын Батыс Еуропа елдері.

Бие сүтін ұлттық сусын ретінде қолданатын елдер арасында жылына 10-11 мың тонна өнім өндіретін Моңғолия көшбасшы саналады. Олар оны өз тілінде — айраг деп атайды. Оның көлемі Қазақстанда 2,5 мың тоннадан, Қырғызстанда 2 мың тоннадан асады. Моңғолия, Қазақстан, Қырғызстан

мал басының көптігіне қарамастан бие сүтін өндірістік жолмен өндіріп, сауда желілері арқылы сатуды әлі толық бір жүйеге қоя алмауда. Олармен салыстырғанда Башқұртстанда қымыз өндіру негізінен ірі тауарлы сүт фермалары арқылы жүзеге асырылады. Олар өз өнімдерін сауда желілері арқылы сатып, экспортқа шығаруды ерте қолға алғанымен, әлемдік нарықта көшбасшы бола алған жоқ. Ал Германия, Бельгия, Нидерланды, Франция сияқты Батыс Еуропа елдері бие сүтін дәстүрлі сусын ретінде ішпегенімен, функционалды тағам («суперфуд») және БАД, капсулаланған дәрі-дәрмек пен премиум-класс косметикасының құрамдас бөлігі ретінде көп пайдаланады. Мәселен, Еуропадағы ең ірі бие фермаларының бірі саналатын Германиядағы Kurgestüt Hoher Odenwald жылына жүздеген тонна бие сүтін өндіріп, оны биологиялық белсенді қоспалар мен тері күтіміне арналған кремдер жасауға қолданады.

Егер соңғы жылдардағы бие сүті өнімдерінің жаһандық нарығының негізгі 3 трендіне көз жүгіртер болсақ: біріншісі — сублимациялау технологиясының дамуы. Әлемдік нарықта сұйық қымызға қарағанда қымыз бен саумал ұнтағына деген сұраныс жоғары. Себебі, қымызды табиғи жағдайда 5 күннен артық көп мөлшерде ұзақ мерзімге сақтау қиын. Ал ұнтақ күйінде сақтау мерзімі 2 жылға ұзарып, дайын өнімді логистикалық тұрғыдан әлемнің кез келген нүктесіне жеткізу мүмкіндігі жоғары болады. Екіншісі, медициналық және косметикалық бағыт. Батыс елдерінде бие сүті өнімдері асқазан ауруларына, туберкулезге, имунитетті көтеруге және псориаз сияқты тері ауруларын емдеуде танымал бола түсуде. Үшіншісі, саумал мен қымызбен емдеу немесе эко-туризм. Бұл бағытта Германия, Аустрия, Қазақстан және Қырғызстанда арнайы сауықтыру орталықтары дамып, шетелдік туристердің есебінен нарық көлемі жыл сайын ұлғаюда.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

АЛТЫН ҚАЗЫҚ

БІРЕГЕЙЛІК НЫШАНЫ

Мемлекеттік тіл — ел тәуелсіздігінің, ұлттық бірегейліктің және құқықтық мемлекеттің басты нышандарының бірі.

ҚР Конституциясында қазақ тілі — мемлекеттік тіл ретінде бекітілген. Осы талаптың толық орындалуы, әсіресе, сот жүйесінде аса маңызды. Өйткені сот

— азаматтардың құқығы мен бостандығы қорғалатын, әділдік салтанат құратын ерекше сала.

Сот төрелігінің әділ жүзеге асуы, ең алдымен, істің

мән-жайын дұрыс түсіну мен нақты бағалауға байланысты. Егер азамат өз ана тілінде немесе мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, ойын толық жеткізе алса, сот процесінің ашықтығы мен әділдігі қамтамасыз етіледі. Сондықтан мемлекеттік тілді сот ісін жүргізудің негізгі тілі

ретінде қолдану — азаматтардың заң алдындағы теңдігін сақтаудың кепілі. Бүгінгі таңда сот жүйесінде талап-арыздар, сот шешімдері, қаулылар мен өзге де процессуалдық құжаттардың мемлекеттік тілде рәсімделуі — уақыт талабы. Бұл тек заң талабы ғана емес, сонымен қатар қоғамның құқықтық мәдениетін арттырудың тиімді жолы. Мемлекеттік тілде сауатты дайындалған құжаттар сот процесінің сапасын жақсартып, құқықтық түсінбеушіліктердің алдын алады.

Сот саласында қызмет атқаратын судьялар, прокурорлар, адвокаттар мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгеруі де аса маңызды. Құқықтық терминдерді дұрыс қолдану, ресми-іскер тіл нормаларын сақтау сот беделін арттырып, халықтың сенімін нығайтады. Мемлекеттік тілдің сот жүйесінде кеңінен қолданылуы — оның мәртебесін көтеріп қана қоймай, әділ сот төрелігінің нақты жүзеге асуына жол ашады.

Әділ сот — құқықтық мем-

лекеттің тірегі болса, ал мемлекеттік тіл сол әділдіктің сенімді кепілі.

Қорытындылай келе, сот жүйесінде мемлекеттік тілді дұрыс әрі толық қолдану — заң үстемдігін қамтамасыз етудің, азаматтардың құқықтарын қорғаудың және ел болашағына деген сенімді арттырудың маңызды шарты.

Д. БУТУГУЗОВА,
Ақтөбе қалалық сот
әкімшісінің бас маманы-
сот отырысының хатшысы

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НЫҒАЙТУДЫҢ МӘНІ ЗОР

Қазақстан Республикасы Адам құқықтарын қорғаудағы халықаралық стандарттарында отбасылық-тұрмыстық қатынастардағы қылмыс деңгейін төмендету бойынша белсенді шаралар қабылдады.

Атап айтқанда, заңсыз әрекеттердің алдын алу мен тиісті әрекет ету арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті табуға назар аударылады. Барлық жағдайда отбасын қорғау және отбасылық байланыстар мен құндылықтарды нығайту мүмкіндігі қарастырылады.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына жолдауында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық саласында жасалған құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті қатаңдатуды тапсырды.

Осы тапсырманы орындау мақсатында «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен бірқатар өзгеріс енгізілді.

Кодекстің 64-бабындағы түзетулер әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді жәбірленушілердің өтінішісіз қозғауға мүмкіндік береді, осылайша өтініш берушіден тұрмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеуді анықтау сипатына көшу жүзеге асырылды, онда түпкілікті шешімді сот қабылдайды.

Сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік қамауға алу мерзімдері ұлғайтылды.

Кодекстің 73-бабына сәйкес, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқыққа қайшы әрекеттер жасалған жағдайда, Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам – 5 тәулік мерзімге, ал қайталап бұзылған жағдайда – 10 тәулік мерзімге (бұрын-10 тәулікке дейін) әкімшілік қамауға алы-



Ермеқ КУСАНОВ,
Ақсу қаласы ауданаралық
сотының төрағасы

нуға тиіс. Енгізілген өзгерістермен тараптардың қайта татуласу мүмкіндігі енді алынып тасталды. Сотта татуласуға бір рет ғана жол беріледі.

Бұдан басқа, тараптардың отбасылық-тұрмыстық құқықтық қатынастар саласындағы келіспеушіліктерін реттеу кезінде кінәлі адамды әкімшілік жауаптылықтан босату мүмкіндігі алынып тасталады. Сондай-ақ сот шешімдерін, сот қаулыларын, басқа да сот актілері мен әкімшілік құжаттарды орындамағаны үшін жауапкершілік күшейтілді.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы қоғам өмірінің барлық саласына елеулі өзгерістер енгізді. Интернет желісі арқылы қаржылық операциялар жасау, онлайн сауда-саттық жүргізу, мемлекеттік қызметтерді алу және әлеуметтік байланыстар орнату күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Алайда технологиялық прогрестің жағымды жақтарымен қатар, жаңа қауіптер де пайда болды. Солардың бірі – интернет-алаяқтық. Бұл қылмыс түрі соңғы жылдары кең таралып, азаматтардың мүлкітік құқықтарына, қаржылық қауіпсіздігіне және жеке деректерінің қорғалуына елеулі қауіп төндіруде.

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАРДАН ҚАЛАЙ САҚТАНАМЫЗ?

Интернет-алаяқтық деп ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы бөтен мүлкіге немесе оған құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен иемденуді түсінеміз. Қазіргі уақытта интернет-алаяқтықтың түрлері мен әдістері үнемі жетіліп, күрделеніп келеді. Бұрын алаяқтар қарапайым жалған хабарламалар мен телефон қоңырауларын пайдаланса, бүгінде олар жасанды интеллект технологияларын, жалған веб-сайттарды, әлеуметтік желілерді және түрлі бағдарламаларды қолдану арқылы өз әрекеттерін жүзеге асыруда.

Интернет-алаяқтықтың кең таралған түрлерінің бірі – фишинг. Бұл әдіс арқылы қылмыскерлер азаматтардың жеке деректерін, банк карталарының нөмірлерін, құпия сөздерін және басқа да ақпараттарын иемденеді. Әдетте алаяқтар банк немесе мемлекеттік орган қызметкері ретінде хабарласып, арнайы сілтемеге өтуді немесе жеке мәліметтерді енгізуді сұрайды. Нәтижесінде жәбірленушінің деректері алаяқтардың қолына түсіп, оның есепшоттарынан ақша ұрланады.

Соңғы жылдары әлеуметтік инженерия тәсілдері де кеңінен қолданылуда. Мұндай жағдайда қылмыскерлер адамның психологиялық ерекшеліктерін пайдаланып, оны белгілі бір әрекеттер жасауға итермелейді. Мысалы, өздерін банк қауіпсіздік қызметінің маманы ретінде таныстырып, аза-

матқа есепшотына қауіп төніп тұрғанын айтып, ақша қаражатын «қауіпсіз шотқа» аударуды талап етеді. Кей жағдайларда алаяқтар құқық қорғау органдарының қызметкерлері ретінде хабарласып, азаматтарды қорқыту арқылы қаражаттарын иемденеді.

Интернет желісіндегі жалған инвестициялық жобалар да азаматтарға елеулі зиян келтіруде. Қылмыскерлер жоғары табысқа кепілдік береміз деп сендіріп, криптовалютаға немесе басқа да қаржы құралдарына инвестиция салуды ұсынады. Алайда салынған қаражат кейін қайтарылмайды, ал ұйымдастырушылар байланысқа шықпай қалады. Мұндай схемалар көбінесе қаржылық пирамида түрінде жүзеге асырылады.

Қазақстанда интернет-алаяқтыққа қарсы күреске ерекше назар аударылуда. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес

интернет арқылы жасалған алаяқтық әрекеттер қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. Қазақстан Республикасында интернет-алаяқтық үшін қылмыстық жауаптылық көзделген. ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабына сәйкес алаяқтық бөтеннің мүлкін алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы жымқыру ретінде танылады. Егер қылмыс ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жасалса немесе ірі мөлшерде зиян келтірілсе, кінәлі тұлғаға қатаңырақ жаза тағайындалуы мүмкін. Жаза түрлеріне айыппұл, бас

бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жатады.

Интернет-алаяқтықпен тиімді күресу үшін құқықтық шаралармен қатар профилактикалық жұмыстарды күшейту қажет. Азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыру, ақпараттық қауіпсіздік ережелерін түсіндіру және интернет кеңістігіндегі қауіптер туралы хабарларды көбейту маңызды. Әрбір азамат өзінің банк деректерін, құпия сөздерін және SMS-кодтарын бөгде адамдарға бермеуі тиіс. Сонымен қатар күмәнді сілтемелерге өтуден және тексерілмеген интернет-ресурстарды пайдаланудан сақ болған жөн.

Роза УТЕМУРАТОВА,
Ақтөбе қаласы №2 сотының
бас маманы-сот отырысының
хатшысы



ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Ақжайық-Құрылыс» ЖШС (БСН 090340009812 өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Қонаев ықшам-ауданы, 26-үй, 42-кеңсе.

3. «Каз Трек Технолodge» ЖШС (БСН 120740014990) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Абылай хан даңғылы, 2/1-үй, 208-кеңсе. Тел. +7 702 800 99 90.

4. «French electric» ЖШС (БСН 230640025122) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 77/55-ғимарат.

7. «Альтинг» ЖШС (БСН 020940004652) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Приморский 1-шағынауданы, 1-ғимарат.

8. «SERVICE-5 (СЕРВИС-5)» ЖШС (БСН 220940038788) (ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, 100019, Қазыбек би атындағы аудан, Чижевский көшесі, 33-ғимарат өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды

қаласы, 100019, Қазыбек би атындағы аудан, Чижевский көшесі, 33-ғимарат, 207-кабинет. Тел. +7 701 525 41 92.

14. «ТАЗА АЙМАҚ» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (БСН 250240028186) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Аксукуент ауылдық округі, Аксу ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 1-ғимарат, пошта индексі 160800.

15. «мкр. 12, дом 11» Мүліктің меншік иелері бірлестігі (БСН 210540010820) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 12-шағынауданы, 11-үй, 69-пәтер. Тел. 87773156775.

16. «01/07» ЖШС (БСН 240740001606) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Талдықорған қаласы, «Самал» ықшамауданы, 20-үй, 27-пәтер, тел. +7 707 147 29 13.

ӘРТҮРЛІ

5. «МФО Үміт Финанс» ЖШС (БСН 250240019385) заңды мекенжайының 2026 жылғы 19 маусымнан бастап келесі мекенжайға өзгертілгенін хабарлайды: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210Б үй, 64, индекс 050051.

6. «Sigma NS» ЖШС (БСН 060140007615) жарғылық капиталдың 169 043 000 (жүз алпыс тоғыз миллион қырық үш мың) теңгеден 103 000 (жүз үш мың) теңгеге дейін азайтылатыны туралы хабарлайды. Наразылықтар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Д. Қонаев көшесі, 23/1-ғимарат.

9. «Adal Operations Management» ЖШС-і (БСН 170440034646), «Adal Operations Management» ЖШС-ін «Cyber mind» ЖШС-ін (БСН 240140017640), «Gas and Oil Technology» ЖШС-ін (БСН 060640003303), «PrimeCloud Solution» ЖШС-ін (БСН 230840029043) өздерінің «SANATEL» ЖШС-іне (БСН 041040006484) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажы Мұқан көшесі, 22/5-үй. Тел. +7 777 005 52 40.

10. «SANATEL» ЖШС (БСН 041040006484) өзіне «Cyber mind» ЖШС-ін (БСН 240140017640), «Gas and Oil Technology» ЖШС-ін (БСН 060640003303), «Adal Operations Management» ЖШС-ін (БСН 170440034646) және «PrimeCloud Solution» ЖШС-ін (БСН 230840029043) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажы Мұқан көшесі, 22/5-үй. Тел. +7 777 005 52 40.

11. «Cyber mind» ЖШС (БСН 240140017640) өзінің «Cyber mind» ЖШС-нің «Adal Operations Management» ЖШС-мен (БСН 170440034646), «Gas and Oil Technology» ЖШС-мен (БСН 060640003303), «PrimeCloud Solution» ЖШС-мен (БСН 230840029043) бірге «SANATEL» ЖШС-іне (БСН 041040006484) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажы Мұқан көшесі, 22/5-үй. Тел. +7 777 005 52 40.»

12. «PrimeCloud Solution» ЖШС (БСН 230840029043) өзінің «PrimeCloud Solution» ЖШС-нің «Adal Operations Management» ЖШС-мен (БСН 170440034646), «Gas and Oil Technology» ЖШС-мен (БСН 060640003303), «Cyber mind» ЖШС-мен (БСН 240140017640) бірге «SANATEL» ЖШС-іне (БСН 041040006484) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажы Мұқан көшесі, 22/5-үй. Тел. +7 777 005 52 40.»

13. «Gas and Oil Technology» ЖШС (БСН 060640003303) өзінің «Gas and Oil Technology» ЖШС-нің «Cyber mind» ЖШС-мен (БСН 240140017640), «Adal Operations Management» ЖШС-мен (БСН 170440034646), «PrimeCloud Solution» ЖШС-мен (БСН 230840029043) бірге «SANATEL» ЖШС-іне (БСН 041040006484) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажы Мұқан көшесі, 22/5-үй. Тел. +7 777 005 52 40.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

Е-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,
509-кеңсе. E-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтүшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (7170) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

ӘРІШТЕС

ЖАҚСЫ ЖАНДАРДЫҢ ШАРАПАТЫ

НЕМЕСЕ СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ 20 ЖЫЛ

2001 жылы досым Асқарбек Әмірханов хабарласып, «аудандық сотқа архивариус болып барасың ба, алдағы уақытта мемлекеттік қызметтің тізіміне енеді» деген ұсыныс айтты. Досымның өзі 2001 жылдың қаңтарында Шығыс Қазақстан облысы бойынша Соттар әкімшісі болып тағайындалған еді. «Жақсыдан шарапат» демекші, Асқарбек Әмірхановтың шақыруымен сот саласына алғаш қадам басқан мен осылайша техникалық қызметшіден бастап, маман, жетекші маман, бас маман, аға сот приставы секілді мемлекеттік қызмет атқарып жүріп, абыроймен зейнетке шықтым.



Сот төрағасы болған Ербол Әділбеков, Бауыржан Тайтөлеуов, Қазиза Жүкенова, Тілеухан Әділжанов, Данияр Темірханов, Кабира Садуақасова, судья Лунара Мұратқанқызы және сот төрағалары кезекті еңбек демалысына кеткен кезде орындарына келіп, сот төрағасы міндетін атқарған Мұрат Керімбаев, Сержан Шөкеев, Талғат Омар, Санат Сәрсенбаев, Алмас Салимов, Нияз Хасенбаев, Серікболсын Ахметжанов секілді судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру барысында заңдардың қолданылуы мен орындалу тәртібіне қатысты сот актілерінен азды-көпті мағлұматтар алып, сот төрелігін жүзеге асырудың жалпы принциптерін түсініп, білдім. Ширек ғасыр сот кеңсесінің меңгерушісі болған Ардақ Серікбайқызынан, әріптестерім Гүлнар Абдильдина, Нұршат Сүлейменқызы, Ләззат Жақилина, Қуанышбек Жангелов, Динара Көксегенова, Айдар Махметов, Мақсат Әбішов, Айнаш Болатова, Гүлжан Серікова, Динара Бектасова секілді жастардан жұмыстың қыр-сырын үйрендім. Кіші қамту қызметкерлері Кенжебек Нұғиев пен Бикамал Салдыкова аяпайымның да мен үшін өзіндік орны бар.

Бұрын жиырма жылға жуық ішкі істер органында қызмет істеген мені сот жүйесіндегі жұмыстың стилі әсіресе судьяның мінез-құлқы мен оның әлеп нормалары қатты тандандырды. Әсіресе, сот төрағасы Ербол Әділбековтің жалпы сот өндірісіндегі істердің тағдыры туралы тіс жарып айтпайтынымен қатар, процесске қатысушы тараптардың қай-қайсысына болсын ішкі эмоциясын білдіртпейтін ұстамдылығы қайран қалдырған еді. Екінші бір байқағаным, киген киімінен бастап, ұстаған қағазы мен қаламына дейін аса ұқыптылықпен қарайтын ыждағаттылығы болды. Кабинетінде қай уақытта болса да кітаптары столының бір жақ шетін ала кірпіш секілді қаланып тұрады. Кітабын сұрап алған адамдар бетін бүктеп немесе сәл кірлетсе, кейігені қабағынан бірден байқалатын. Үшінші ерекшелігі, жаста болса имандылығы болатын. Иmandылық деп отырғаным – адамдарды алаламауы.

Бауыржан Тайтөлеуов жылға жетпейтін уақыт сот төрағасы болғанымен, сауаттылығы, өзіне тән принциптері мен ұйымдастырушылық қабілетімен тандандырып үлгерді. Ал Қазиза Жүкенованың әрбірімізге деген жанашырлығы, өнегесі үлгі боларлық еді. Ол кісі күз кезінде Тарбағатай аудандық сотына төрағалық қызметке келді. Келген бетте сот ғимаратына күрделі жөндеу керекті-

белгіленген нормаға сәйкестігіне қатты назар аударатын. Кеңсе мамандарының көбі қыз балалар болғандықтан, орындаған тапсырмалар бойынша қол қойғызуға кіруден жасқанатын еді. Ондағы себеп А-4 форматқа терілген мәтіннің оң жағы мен сол жағы, үсті мен астыңғы ара қашықтығының параметрлерінен бастап, мәтіндегі барлық грамматикалық қатені төраға көріп қоятын және жауапты қай кодекске немесе құқықтық нормаларға негіздеп жазғаныңды сұрайтын еді. Кей ретте қыздар «Ұзақбек аға, сіз кірінізші, орындаушы деп сізді көрсетейік» дейтін. Ондағылары менің жасым үлкен болғандықтан, ұсақ-түйек қателерімді көп түзетпей, келер жолы есіңізде болсын деп ескертетінін біледі. Сонымен қатар төраға қарапайымдылығы мен еш нәрседен саспайтын сабырлылығымен ерекшеленді. Сол аз уақыттың ішінде Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында жергілікті атқарушы органдарға ұсыныс жасап, бұрынғы Семей облысы, Ақсуат аудандық сотын-

Мен үшін қиынтылмастай есімде қалғаны – 2013 жылы жұбайым мезгілсіз қайтыс болды. Өмірдегі жанымға қатты батқан қиындық осы тұс еді, кенже қылым қйленбеген, кішкентайынан қолымызда өсірген немереміз Аружан 8-9 жаста. Төраға кейде баламның мектептен шығып жұмыс орныма келгенін байқаса, кабинетке келіп немесе телефон соғып үйіңе қайта берші дейтін. Міне азаматтың мұндай қамқорлығы мен шынайы жанашырлығын қиыту, ол туралы айтпай кету адамдыққа жат болар.

гі жөнінде Сот әкімшісінің алдына мәселе қойып, жұмысты бастап кетті. Бұл іске сот кеңсесі қызметкерлерімен бірге сот ғимаратының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін полиция қызметкерлерін де жұмылдырды. Төрағаның тындырымды ұйымдастыруының арқасында жаңа жылды толық жөнделген, таза әрі жылы ғимаратта қарсы алғанымызды ешқашан ұмытпаймыз.

Адам көп көріп, көп ізденген сайын дүниетанымы мен тұлғалық қабілеті ашылып, парасат-пайымы өсе беретініне Тарбағатай аудандық сотына төраға болып Тілеухан Советханұлы Әділжанов келгенде анық көзім жетті. Себебі, бұл азамат 20 жыл бұрын қызметті Семей облысы Ақсуат аудандық ПБ-нде күзет бөлімінде бастап, учаскелік инспектор болып жүріп 1993 жылы сот саласына судьялық қызметке ауысып кеткен. Жас кезінен сырттай жақсы танығаныммен, жақын араласып көрмеген едім. Бір жағынан сот кеңсесі маманы болып қарауында қызмет атқаратындықтан, ара қашықтықты ұстауға тырыстым. Тілеухан Советханұлының қимылы қандай шапшаң болса, мінезі де сондай жылдам, шыдамсыз еді. «Жылқы кісі-нескенше, адам тілдескенше» демекші, көп ұзамай Тілеухан Советханұлымен де ортақ тіл табысып кеттім. Мен үшін ұмытылмастай есімде қалғаны – 2013 жылы жұбайым мезгілсіз қайтыс болды. Өмірдегі жанымға қатты батқан қиындық осы тұс еді, кенже ұлым үйленбеген, кішкентайынан қолымызда өсірген немереміз Аружан 8-9 жаста. Төраға кейде баламның мектептен шығып жұмыс орныма келгенін байқаса, кабинетке келіп немесе телефон соғып үйіңе қайта берші дейтін. Міне азаматтың мұндай қамқорлығы мен шынайы жанашырлығын ұмыту, ол туралы айтпай кету адамдыққа жат болар.

Данияр Дидарбекұлы Темірханов үш жылдай қызмет атқарды, мектепте және жоғары оқу орнында орыс тілінде білім алғанымен, қазақ тілінің де грамматикасы мен стилистикасына өте сауатты еді. Сонымен қатар іс-қағаздардың

да 1965–1980 жылдардың аралығында төраға болған, соғыс ардагері Қадырбай Ахметовтің тұрған үйіне ескерткіш тақта қоюды ұйымдастырды.

Ал сот төрағасы Кабира Мұхамедсағиқызы Садуақасованың басшылығы кезінде шығармашылықпен шұғылдануыма толық мүмкіндік туды. Оған сот төрағасының өкімімен БАҚ құралдарымен жұмысты үйлестіру және әріптестік байланыс орнықтыру бойынша қоғамдық жұмыстың маған жүктелуі түрткі болды. Сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігіне қатысты жұмыстың тиімді ұйымдастырылуына сол кездегі облыстық сот төрағасы Досжан Өмірдің ықпалы зор. Тарбағатай аудандық соты 2016–2021 жылдар аралығында БАҚ-пен байланыс бойынша 38 соттың ішінде алғашқы бестікті иеленіп жүрді. Ал біздің жұмысымызға жергілікті «Тарбағатай» газетінің редакторы Ергали Жұмаханов, «Семей таңы» газетінің аудандағы меншікті тілшісі Хамза Сатиев, «Біздің заман» газетінің құрылтайшысы Ержан Құттыбаев, «Дидар» газетінің жауапты хатшысы Тілеукең Әлжекенов, «Менің өлкем» газетінің тілшісі, кейіннен бас редакторы болған Талғат Мұхамадиев үнемі ақпараттық қолдау көрсетіп отырды.

Міне, мен соттағы жиырма жылдық жұмыс тәжірибемде талай жақсылармен қызметтес болып, талай жақсы істердің ортасында жүрдім. Зейнетке шығар алдында Кабира Мұхамедсағиқызының ұсынысы негізінде жергілікті маслихаттың шешімімен Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы атандым. Өрине, бұл мен үшін еңбегіме және жеке басыма көрсетілген құрмет. Сондықтан қолдау көрсеткен атқарушы және өкілетті орган басшыларына да алғысым шексіз!

Ұзақбек АТАНБАЕВ,
Ақсуат ауданы Сот жүйесінің
ардагері,
Тарбағатай ауданының
Құрметті азаматы
АБАЙ ОБЛЫСЫ

КӨЗҚАРАС

Сот актілерінің сапалы орындалуы соттың әділдігіне, елдің ер-стөңіне деген сенімді нығайтады. Өкінішке қарай сот шешімдерінің орындалмай орта жолда қалатын кезі аз емес. Міне сондықтан да өркениетті елдердің тәжірибесіне үйілген өкілетті органдар бұл мәселені оңтайлы шешудің тетігі ретінде жеке сот орындаушылар институтын енгізуді ұсынған болатын.

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ИНСТИТУТЫ СЕНІМНЕН ШЫҚТЫ

Ең алғаш бұл бастама Елорда төрінде өткен республика судьяларының съезінде көтерілгені есімізде. Осы жиында жеке сот орындаушылар институты табысты жұмыс істеп жатқан озық мемлекеттердің тәжірибесі талқыға салынып, Қазақстанда қолданысқа енгізудің механизмдері қарастырылды. Жаңа институт өзіне жүктелген үдеден табылуы үшін оның құқықтық тетіктерімен қатар, заңдық негізі де сауатты жасалуы маңызды. Үлкен ізденіспен қолға алынған жеке сот орындаушылар институты осылайша 2010 жылы толық жұмысына кірісіп кетті. Осылайша біз бұрынғы кеңестік мемлекеттер ішінде жеке сот орындаушылар қолданысқа енгізген алғашқы ел ретінде тарихта қалғанымызды айта кеткеніміз абзал.

Жеке сот орындаушыларының мемлекетке де, қарапайым азаматтарға да пайдасы зор. Өйткені жеке сот орындаушыларға мемлекет тарапынан қаржы бөлінбейді. Олар өз өндірісіндегі істерді сапалы, жылдам орындау арқылы заңмен белгіленген үстеме ақысын алады. Өзін-өзі қаржыландырып отырғандықтан, әрі табысы өзінің өндірген берешегіне байланысты болғандықтан, жеке сот орындаушылар жұмысын жылдам, тыңғылықты жасайтыны түсінікті. Бұдан бөлек, жеке сот орындаушылар институтының жандануы заңгерлерге қосымша жұмыс көзі болды. Заңгерлік білімін жетілдірген тұлелер үшін бұл өз қабілетін көрсетіп, халыққа қызмет етуге берілген тамаша мүмкіндік.

Жеке сот орындаушылар қызметі мейлінше ашық, көпшілікке қолжетімді. Сот актілерін орындауға қатысты ақпараттың барлығын Жеке сот орындаушылар палатасының сайтынан оңай табуға болады. Бұл ақпараттық порталда әр өңірде тіркелген жеке сот орындаушылар тізімі, олардың байланыс нөмірлері, электрондық пошта-лары ретімен жазылған. Сонымен бірге жеке сот орындаушылар жұмысына қа-



Қанат ҚОЖИКЕЕВ,
Алматы облысының
жеке сот орындаушысы

тысты көпшілік жиі қоятын сауалдарға жауаптар берілген. Осы порталды оқи отырып азаматтар жеке сот орындаушылар қызметімен танысып, өзін толғандырған сұрақтарды тікелей қоя алады. Сондай-ақ осы порталда азаматтар жеке сот орындаушылар қызметін жетілдіруге байланысты ұсыныс-пікірлерін айтып, кейбір қызметкерлердің қателіктерін көрсете алады. Халықтың пікірі мен талап-тілегі жеке орындаушылар институтын жандандыруға, кемшіліктерді дер кезінде түзетуге оң ықпалын тигізуде. Мұндай игілікті іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасты-н болады.

Әсіресе, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның негізгі баптарын, жеке сот орындаушылардың қызметі мен міндеттерін халыққа түсіндіру маңызды. Себебі азаматтар өздерінің сот актілерін орындатуға қатысты қарапайым құқықтық талаптарын білмейді. Ал заң дұрыс орындалуы үшін әуелі заңның әліппесін жақсы біліп, орынды қолдануды үйренген дұрыс. Сонда ғана халық жеке сот орындаушылар қызметіне түсіністікпен қарап, орынсыз сын айтуға асықпас еді.

ПІКІР

ТӨРЕЛІККЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Заң үстемдігі салтанат құрған елде азаматтардың құқығы мен бостандығы қорғалып, қоғамның мемлекетке деген сенімі арта түседі. Осы маңызды міндетті жүзеге асыру жолында судьялармен қатар сот қызметкерлерінің де еңбегі ерен. Осы ретте Судья және сот қызметкерлері күнінің белгіленуі сот жүйесінде қызмет атқаратын мыңдаған маманның кәсібилігі мен адал еңбегіне көрсетілген құрметтің белгісі.

Сот билігі – мемлекеттік биліктің дербес тармағы. Оның негізгі мақсаты – азаматтар мен ұйымдардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау, заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету және қоғамда әділдікті орнықтыру. Судьялар қабылдайтын әрбір шешім адамның тағдырына, кәсіпкерлік қызметке, қоғамдық қатынастарға тікелей әсер етеді. Сондықтан сот төрелігін жүзеге асыру жоғары жауапкершілікті, кәсіби білім мен әділдікті талап етеді.

Соттардың тиімді жұмысы тек судьялардың қызметімен шектелмейді. Сот аппараты қызметкерлері сот өндірісін ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады. Олар сот отырыстарын дайындау, құжат айналымын жүргізу, азаматтарды қабылдау, сот актілерін уақытылы рәсімдеу және ақпараттық жүйелердің жұмысын қамтамасыз ету сияқты көптеген міндеттерді атқарады.

Қазіргі таңда еліміздің сот жүйесі цифрландыру бағытында қарқынды дамып келеді. Электрондық сот ісін жүргізу, онлайн сот отырыстары, электрондық құжат айналымы азаматтардың сотқа жүгінуін жеңілдетіп, сот қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттырды. Бұл өзгерістерді жүзеге асыруда сот қызметкерлерінің көмегі көп.

Сот саласында қызмет ету – жай ғана мамандық емес, үлкен жауапкершілік. Әрбір құжаттың дәлдігі, әрбір рәсімнің заң талабына сай орындалуы азаматтар құқығының қорғалуына ықпал етеді. Сондықтан сот қызметкерлері өз қызметінде ұқыптылықты, бейтараптықты және жоғары кәсіби мәдениетті ұстанады. Елімізде құқықтық мемлекет құру жолындағы реформалардың табысты жүзеге асуы сот жүйесінің тиімділігіне тікелей байланысты. Азаматтардың сотқа деген сенімі әділдік қағидаттарының нақты іске асуымен қалыптасады. Осы жолда судьялар мен сот қызметкерлері халыққа адал қызмет етіп, заң үстемдігін қамтамасыз етуге өз үлесін қосып келеді.

Кәсіби мереке мен жүйесінің ардагерлеріне, судьялар корпусына және сот қызметкерлеріне деген жылы лебізінді білдірудің мүмкіндігі. Мен де күнделікті еңбегімен қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға, азаматтардың құқықтарын қорғауға және әділеттілікті қамтамасыз етуге үлес қосып жүрген барша судьялар мен сот қызметкерлеріне алғысымды айтқым келеді.

Алмагүл ҚЫЗЫЛБАЕВА,
Атырау қалалық соты әкімшісінің бас маманы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек
Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz
E-mail: zanreklama@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана
Тапсырыс № 94 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31